Азаматтық кодекс міндеттемені тоқтатудың басқа да негіздерін қарастырады. Оған борышқор мен несие берушінің бір тұлға болып келуін жатқызуға болады (371 - бап). Бұл кәсіпорын қайта құрылған кезде орын алады, мәселен, кәсіпорынға оның борышқоры келіп қосылады. Мұндай жағдайда жаңадан құрылған заңды тұлға әрі борышқор әрі несие беруші болады. Мұндай нұсқада міндеттеме болуы мүмкін емес, сондықтан ол тоқтатылады.

Әдебиеттер:

1. Гражданское право, в 2-х том,уч для вуз, Е.А. Суханов 2-е изд. I перераб и доп. М. издательство БЕК, 2011г.
2. Төлеуғалиев Ғ.И. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы-Алматы: Қаз МЗА, 2001ж.
3. Гражданско-правовая ответственность. Васькин В.В., Овчиников И.Н. 2008г.

УДК 343.3

**Карымсаков Р.Ш.
Ибраимова Н.Т.**

«Тұран-Астана» университетінің магистранты

МІНДЕТТЕМЕНІ ОРЫНДАУ СУБЪЕКТИЛЕРІ ЖӘНЕ ОРЫНДАУҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР СУБЪЕКТЫ ИСПОЛНЕНИЯ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА И ВОПРОСЫ, КАСАЮЩИЕСЯ ИСПОЛНЕНИЯ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА THE SUBJECTS TO PERFORM THE OBLIGATIONS AND ISSUES RELATING TO THE PERFORMANCE OF AN OBLIGATION

Аннотация. Мақалада міндеттемені орындау субъектілері және орындауға қатысты мәселелер және оны одан әрі жетілдіру жолдары қарастырылған.

Түйінді сөздер: міндеттемелер, міндеттемені орындау субъектілері.

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы, связанные с исполнением и субъектами исполнения обязательств, и пути его дальнейшего совершенствования.

Ключевые слова: обязательства, субъекты исполнения обязательств.

Annotation. The article deals with the issues related to the performance and the subjects of performance of obligations, and ways of its further improvement.

Keywords: obligations, subjects of performance of obligations.

Міндеттемені тиісінше орындау үшін, борышқор міндеттемеде көрсетілген пәнді орындауы тиіс, пәнге қойылатын талаптар шартта көрсетіледі. Ал, олай болмаған жағдайда дәстүрлі құқықпен шешіледі. Мысалы, борышқор біреуге тиіс заттың сапасы міндеттемеде көрсетілуі керек, бұл орайда мемлекеттік стандарттар мен үлгілердің талаптары ескеріледі. Міндеттеменің пәні кейбірінде жекеленген затты беру, ал кейбірінде тектес белгідегі заттар болуы мүмкін. Тектес белгілері бар міндеттеменің ең бастысы - ақшалы міндеттеме, яғни белгілі бір ақша соммасын төлеуді талап ететін міндеттеме.

Ақшалай міндеттемені орындау үшін арнайы талаптар заңда қарастырылған. Ақшалай міндеттемені орындалудың кейбір ерекшеліктері болады. Ақшалай міндеттеме теңгемен айқындалады. Ақшалай міндеттемеде шетел валютасы түріндегі белгілі бір соммаға тең теңге түріндегі соммада төленуге тиіс екендігі көзделуі мүмкін. Мұндай сомма Қазақстандық банкаралақ валюта биржасының курсымен айқындалады, ол төлем жасалған күнгі шетелдік валютаға сай келуі қажет. Аталған ереже ақшаның құнсыздануынан несие берілушілердің мүддесін қорғайды.

ҚР аумағындағы міндеттемелер бойынша есеп айырысу шетел валютасы сондай-ақ шетел валютасы түріндегі төлем құжаттарын пайдалануға заң құжаттарында көзделген реттер мен жағдайлары немесе соған сәйкес белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асыралады. Ақшалай міндеттеме бойынша азаматты асырауға тікелей төленетін сомма (өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру үшін, өмір бойы асырау шарты бойынша және басқалары) - ең төменгі жалақының ресми түрде өсуіне қарай арттырылып отырады.

Міндеттемені орындаудың мерзімі, орны, тәсілі.

Міндеттеменің орындалу мерзімі заңы мен және шартпен, сондай-ақ, шарт алдындағы дауды қарайтын органның айқындалуы мүмкін.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн және ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе және оны анықтау мүмкін болмаса, міндеттеме сол күні және тиісінше сол кезең ішінде кезкелген уақытта орындалуға тиіс. Мысалы, құрылыс объектісін бітетін күні міндеттемені орындау күні болып табылады, ал басқа жұмыстар мердігерлік шарттарда, ақшаны қайтару - қарыз шартында, несие беруші шартында қарастырылады.

Міндеттеме орындалуға тиісті келісімді уақыт тауарларды жеткізу шарттарында қаралуы мүмкін, онда әр тарап жеткізілетін тауарларды партияларға бөліп, өздерінің уақытын белгілейді. Ол тоқсандық, ай, он күндік мерзімдер мен өлшенеді. Егер міндеттемеде ол орындалатын мерзім көрсетілмесе, ол мерзімді анықтауға мүмкіндік беретін шарттар болмаса, ол міндеттеме пайда болғаннан кейін ақылға қонымды мерзімде орындалуға тиіс. Ақылға қонымды мерзім дегеніміз міндеттеме нақты жағдайды ала отырып, орынды мүмкіндігі болып табылады. Бұл орайда борышқордың жағдайына байланысты мүмкіндігі, міндеттемені орындау тәсілі т.б. ескеріледі (мысалы, несие берушіге дейінгі қашықтық, көлік түрі, және т.б.). Ақылға қонымды мерзімде орындалмаған, сол сияқты орындалу мерзімі талап етілетін кезең белгіленген міндеттемені, егер заңдарды, міндеттеме шарттарынан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан және міндеттеме мәнінен басқа мерзімге орындау міндеті туындамаса, - борышқор несие беруші оның орындалуын талап еткен күннен бастап жеті күн мерзімінде орындауға міндетті.

Міндеттеменің тез арада орындалуын жүкті сақтайтын жерге тапсыратын, банкке ақша салатын адам талап ете алады.

Борышқорға аяқ астынан болатын міндеттемені орындау үшін дайындыққа жеті күн мерзім беріледі. Міндеттемелерде орындау уақыты көрсетілмеген жағдайда несие беруші борышқордың орындағанын кез келген уақытта, заңда көзделгеннен тыс ретте қабылдауы керек.

Егер заңдарда және міндеттеме шарттарында өзгеше көзделмесе және оның мәнін туындамаса, борышқор міндеттемені мерзіміне дейін орындауға құқылы. Кәсіпкерлік қызметке байланысты міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауға міндеттемені мерзіміне дейін орындау мүмкіндігі заңдарда немесе міндеттеме шарттарында көзделген (жүкті жеткізу, банктің несие беруі және т.б.), не іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан және міндеттеменің мәнінен туындаған реттерде ғана жол беріледі (ҚР АҚ, 279 бап). Демек бұл ереже кәсіпкерлер қатысатын қатынасқа арналады. Борышқордың несие беруші - кәсіпкер мен алдын ала келіспей тұрып міндеттемені мерзімінен бұрын орындау оны қиын жағдайға қалдыру мүмкін, өйткені, оның орындалған міндеттемені аяқ астынан қабылдай қоюға дайындығы мен жағдайы келмей қалуы ғажап емес. Айталық, борышқордың тауар әкелетінін білмегендіктен онда дайын тұрған қойма, тауар сақтайтын арнайы орындар болмауы мүмкін, оның үстіне әкелінген тауарды теміржол бекетінен, кемеден ала қоятындай көлікке алдын-ала шарт жасалмауы да кедергі келтіреді. Содан келіп несие беруші залал шегеді, ал мұның өзі нарық жағдайында қолайсыз нәрсе.

Міндеттеме орындалатын жер борышқордың заттарды тапсыратын, жұмысты атқарып, қызмет көрсетіп, ақша төлейтін, ал несие берушінің тиісінше орындалғанын қабылдататын орын. Мәселен, үйді жөндеп, еденді тазалау, терезені сұрту тек үй тұрған жерде ғана жүзеге асады.

Егер де міндеттеме орындалатын жер заңдарда және міндеттеме мәнінен және іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардың көрінбесі, ол:

1) міндеттеме бойынша қозғалмайтын мүлікті беру - мүлік орналасқан жерде;

2) міндеттеме бойынша тауар және өзге де мүліктік тасмалдауды пайдалана отырып беру мүлкті несиіе берушіге жеткіз үшін оны бірінші тасмалдаушыға тапсырған жерде;

3) егер бұл міндеттеме пайда болған кезде несиіе берушіге белгілі болса кәсіпкердің басқа міндеттемелері бойынша тауар және өзге де мүлікті беру - мүлік дайындалған және сақталған жерді;

4) ақшалай міндеттеме бойынша - несиіе берушінің міндеттеме пайда болған кездегі тұрғылықты жерінде, ал егер несиіе заңды тұлға болса- міндеттеме пайда болған кезде оның болған жерінде егер несиіе беруші міндеттеменің орындалу кезінде тұрғылықты жерді өзгертіп, бұл туралы борышқорға хабарласа - орындалатын жердің өзгеретуіне байланысты барлық шығындарды соның есебінен жатқыза отырып, оның жаңа тұрғылықты жерінде және тұрған жерінде;

5) басқа да барлық міндеттемелер бойынша - борышқордың тұрғылықты жерінде, ал егер борышқор заңды тұлға болса, оның орналасқан жерінде орындалуға тиіс.

Міндеттемені орындау тәсілі заңмен және әр жақтың жасасқан шарттары мен айқындалады, және сол міндеттеменің мәні мен туындайды.

Міндеттеме орындау бір жолғы (заттың құнын толықтай төлеу) немесе несиіеге алған мүліктің құнын жабуы, почта, көлік құралдарына төлеу тәрізді мерзімді түрде әрекет ету болып жүзеге асады. Кейбір міндеттемелер тұтастай және бөліктей орындалуы мүмкін (мысалы, қарыз шартты бойынша қарызды қайтару). Сонымен бірге, егер міндеттеме шартында, заңдарда өзгеше белгіленбесе, және іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарды және мәнінен өзгеше туындамаса, несиіе беруші міндеттемені бөлшектеп орындауды қабылдауға құқылы.

Борышқор заңда қаралған ретте нотариат кеңсесіне және соттың денозитіне қарызды тапсыруы міндеттемені орындағаны болып есептеледі.

АҚ 291-бабына сәйкес борышқор ақша соммасын және бағалы қағаздарды нотариус пен соттың депозитіне салу құқығына ие.

Егер:

1) несиіе беруші және орындалған істі қабылдауға өзі уәкілдік берген адам міндеттеме орындалуға тиісті жерде болмаса:

2) несиіе беруші әрекет қабілетсіздігі болып және оның өкілі болмаса;

3) міндеттеме бойынша , атап айтқанда бұл мәселе жөнінде несиіе беруші мен басқа да адамдар арасындағы дауға байланысты несиіе берушінің кім екені жайында оның айқындық болмаса;

4) несиіе берушінің орындалған істі қабылдаудан жол тартуы және өз тарапынан мерзімін өткізіп алуына байланысты борышқордың міндеттемені орындай алмасы онда борышқор міндеттемелерін орындау үшін өзінен алатын ақшаны депозит шарттарынан, ал бағалы қағаздарды нотариустың атына сақтау шарттарына, ал заң құжаттарымен белгіленген жағдайларды, соттың атынан орналастыруға құқылы.

Ақша немесе бағалы қағаздарды депозит шарттарына салу және нотариустың не соттың атына сақтау міндеттеменің орындалғаны болып есептеледі. Нотариус пен сот өз кезегінде несиіе берушіге оның борышқорынан депозитке бағалы қағаздар мен ақшаның келіп түскені туралы хабарлайды. Өзара міндеттердің орындалуының өзіндік ерекшеліктері бар. Егер заңдардан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардың, міндеттеме шарттарынан және оның мәнінен өзгеше туындамайтын болса, тараптар өзара міндеттерді бір мезгілде орындауға тиіс. Сөйтп, тараптардың бірінің міндеттемені орындамауы және тиісінше орындамауы өзара міндеттерді орындау және қарсы тараптарды қанағаттандыру кезінде, егер заң құжаттарында және міндеттеме шарттарында өзгеше белгіленбесе, екінші тарапты өз міндеттерін босатады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, жалпы және ерекше бөлімдер, "Юрист" баспасы, 2001 ж.

2. Е.Баянов. Мемлекет және құқық негіздері, оқулық, Алматы, Жеті — жарғы, 2001 ж.

3. Шарттар жинағы, құрастырған Р.А.Темірғалиева. Алматы, Әділет, 2001 ж.

4. Булгакова Д.А. Теория государства и права (уч.методическое пособие)- Алматы, Дәнекер. 2001 г.

**МҮЛІК ЖАЛДАУ ШАРТЫНЫҢ МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ ДОГОВОРА ИМУЩЕСТВЕННОГО НАЙМА
THE CONTENT OF THE CONTRACT OF TENANCY**

Аннотация. Мақалада мүлікті жалдау, сондай-ақ мүлікті тегін пайдалану шартының мазмұны, ұғымы мен ерекшеліктері заңнама тұрғыда ашылады.

Түйінді сөздер: шарттар, мүлікті жалдау, мүлікті тегін пайдалану шарты.

Аннотация. В статье законодательство раскрывается содержание, понятие и особенности договора найма имущества, а также безвозмездного пользования имуществом.

Ключевые слова: договоры, договор имущества найма, безвозмездного пользования имуществом.

Annotation. The article reveals the content of the legislation, the concept and features of the contract of employment of property, as well as gratuitous use of property.

Keywords: contracts, contract of property lease, gratuitous use of property.

Жалға беруші мүлікті жалға алушыға шарт талаптары мен мүліктің мақсатына сәйкес, келетін күйде беруге міндетті (Азаматтық кодекс 547 б. 1 тармағы). Мүліктің күйі бірінші кезекте шартпен анықталуы тиіс. Мысалы, жалға қоймалар берілгенде, олар өрт қауіпсіздігінің талаптарына бөлмелердегі ауаның ылғалдылығына не құрғақтығына қойылатын талаптарға және басқаларға сәйкес болуы керек екені болжанылуы мүмкін.

Шарттың мүліктік күйіне талаптар анықталмаса, онда олар мүліктің тағайындалуы және мүлікті пайдаланудың болжамды (мақсаты ескеріліп мүмкін күйіне талаптар туралануы мүмкін. Бірақ мүлікті жалдау шарты бойынша мүлікке талаптарды анықтау сатып алусату шарты бойынша заттың қажетті сапасын анықтаудан ауырға түседі. Жалға берілетін мүліктік күйіне қатысты талаптар өте субъективті болып келеді. Олар жөнінде келіспеген тараптар араларында қиын жолмен шешілетін даулар пайда болуы мүмкін. Сондықтан, жалға алушы мүліктің кейбір ерекше қасиеттер бар болуын қаласа, оның бұл туралы жалға берушімен келіскені аса қажетті болады. Жалға берілетін мүліктік кемістіктері болмауы керек, немесе кемістіктер тікелей шартта ескертілуі керек. Бұл жасалмаса жалға беруші берілген заттардың кемістіктері үшін жауапты болады.

Кейбір жағдайларда заттың кемістіктерімен байланысты тараптардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселе басқаша шешімін табады. Жалға берілген заттың кемістіктерін оны қараған кезде бірден табуға мүмкін болса, немесе затты жалға алғанға дейін жалдаушы затпен пайдаланып үлгерген болса, онда жалға беруші заттың кемшіліктері үшін жауапты болмауы тиіс [1; 83].

Затты тұтынудың одан құтылу мүмкін емес (сөзсіз) салдары болып оның белгілі дәрежеде нашарлауы (тұтынушылық қасиеттерін жоғалтуы) келеді. Сондықтан бірнеше жыл пайдалануда болып келген мүліктің (заттардың) күйі тиісті емес тіпті қанағаттанатындай болмай шығуы мүмкін. Осыған байланысты шарттың екі тарабы бірдей белгілі бір шешімдерді қабылдап әрекеттерді жасауға мәжбүрлі болады. Жалға берушінің және жалға алушының құқықтары мен міндеттерін одан әрі қарағанда осыны анық көруге болады.

Мүлік жалға оның барлық керек жарақтарымен және оған қатысты құжаттарымен (мүліктің жиынтықтылығын, қауіпсіздігін, сапасын, пайдалану тәртібін куәландыратын және т.б. құжаттармен) бірге беріледі. Сатып алусату шарты (мысалы қозғалмайтын мүлікті сатып алусату шарты) бойынша затқа (мүлікке) құқықтарды растайтын құжаттар табыс етілуі мүмкін қаралып тұрған шартта негізінен әңгіме мүлікті тұтыну (пайдалану) үшін қажетті құжаттар жөнінде жүргізіледі. Шартта құжаттар жалға берушіде қалатыны, жалдаушы олармен таныса алатыны және т.б. қарастырылуы мүмкін.

Құжаттар, керек жарақтар берілмесе және оларсыз жалға алушы мүлікті мақсаты бойынша пайдалана алмаса, немесе ол шартты жасасуы кезінде үміттенуі мүмкін болған нәрселерден (игіліктен, пайдадан) едәуір дәрежеде айырылса, онда өзінің қалауы бойынша ол жалға берушіден керек жарақтардың және құжаттардың берілуін немесе шарттың бұзылуын талап ете алады.

Жалға алушыда көрсетілген жағдайға қатысты бір ғана құқығы болып келмейді. Жалға алушы құжаттарды және керек жарақтарды олар жалға берушімен берілмеген өзге реттерде де талап ете алады. Басқаша айтқанда, жалға алушының мүлікті пайдалану мүмкіншілігінен айырылуы, оған

ұтымсыз нәтижелердің (салдардың) туындауы немесе туындамауы сол құқықты жүзеге асыру кезінде міндетті түрде ескерілетін нәрсе емес. Бірақ, әрине, жалға беруші тарабынан жасалған бұзушылықтың ауырлығы қолданылатын шараларға (мысалы шартты бұзу мүмкіншілігіне) әсер етеді.

Жалға беруші мүлікті шартпен қарастырылған мерзімде беруі керек, егер бұл мерзім шартта қарастырылмаса, онда ол қисынды мерзімде берілуге жатады. Жалға беруші шартқа қайшылық жасап мүлікті бермесе жалдаушы бұл мүлікті ҚР Азаматтық кодекс 355 бабына сәйкес талап ете алады немесе шарт бұзылуын талап ете алады. Екі амалды қолданған кезде де жалға алушы өзіне келтірілген шығындарды өндіріп ала алады.

Затты бергеннен кейін, меншік иесі оған меншік құқығына байланысты кейбір ауыртпалықтарды сақтап қалады. Сондықтан, меншік иесі мүлік жағдайына жауапты болады, сонымен қоса жалға алушының да заттық құқығын есептеп алып тастамау керек. Затқа қатысты құқықтар тараптар арасында бөлінгесін меншік иесінің ауыртпалықтары ол өзіне жататын мүлікті өзі иеленген, пайдаланған жағдайда сияқты толық болмайды [2; 114].

Ертерек айтылғандай мүлік жалдау шартының тараптары арасында мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығы бөлінеді. Жалға беруші жалға берілген мүлікке тараптармен келісілген мерзімдерде, егер заң актілерінде не шартта өзгеше көзделмесе, өз есебінен күрделі жөндеу жүргізуге міндетті. Жалға алушы жауап бермейтін мәнжайларға байланысты пайда болған шұғыл қажеттілік талап ететін жөндеуді, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жалға беруші қисынды мерзімде өз есебінен жүргізеді (Азаматтық кодекс 552 б. 2 бөл.).

Шарт жасау кезінде жалға беруші жалға алушыға жалға берілетін мүлікке үшінші тұлғалардың барлық құқықтары (сервитут, кепіл құқығы) туралы ескертуге міндетті. Бұл жағдайда біз бірінші кезекте мүлікке ауыртпалық тудыратын құқықтары туралы айтамыз. Мүлікті жалға беру мүлікке үшінші тұлғалардың заттық құқықтарын тоқтату не өзгерту үшін негіз болып табылмайды.

Бірақ, бірқатар жағдайда біз құқықтардың бәсекесі мәселесімен соқтығамыз. Бұл жағдайда, бір құқықты басқа құқық иеленушінің алдында басымдылығы туралы мәселені шешу қиынға түседі. Бір субъекті құқықтарының екінші субъекті құқықтарының алдындағы артықшылығын анықтау үшін тиянақты негіздер болуы керек.

Мысалы, шарттық жағдайлар ақталса, онда жалға алушының иелену құқығының жалға берушінің иелену құқығының алдындағы артықшылығы сөзсіз болып келеді. Өзге реттерде (кездерде) бір немесе өзге заттық құқықтық артықшылығын (басымдылығын) анықтаудың жанама өлшемдері болып оның алғашқы болуы (ағалығы), өзге заттың құқық иесінің арам шеттілігі және өзге ұқсас жағдайлар келеді.

РФ Азаматтық кодексінде бәсекеде болып келетін құқықтардың біреуінің басымдылығын анықтау ережесі толығырақ реттелген. Затты алуға бірнеше несие берушілер талпынатын болса, зат олардың біреуіне берілсе өзгелерінің талаптары жоққа шығарылады. Зат беріліп үлгерілмеген болса, онда басымдылыққа оның пайдасында міндеттеме ертерек туындаған несие беруші иемденеді [3; 97]. Бұның өзін анықтау мүмкін болмаса артықшылық (басымдылық) талапты ертерек ұсынған тұлғада (оның құқығында) болады (РФ Азаматтық кодекс 398 бап). ҚР Азаматтық кодекстың 355 бабында құқықтардың артықшылығы туралы тек жалпы айтылып кетеді. Қарастыруы мүмкін немесе мүлікті пайдаланған үшін ақының өзге түрлері қарастырылуы мүмкін.

Егер шарттың өзінде жалдау төлемінің нақты түрі (нысаны) анықталмаса, онда ол ақшалай төленуге тиіс.

Қорытындылай келсек, мүлік жалдау қатынасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 29 тарауында реттелген, мүлік жалдау туралы жалпы ережелер мазмұндалған. Мүлік жалдау қатынастарын реттеу, тек Азаматтық кодекспен шектеліп қоймайды, олар сондай-ақ басқа да заңды актілермен реттеледі. Қорыта келе, Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы бүтіндей толықтық сипатына иемденгенін атауға болады. Оның құқықтық тетігінің әдістері, принциптері және басқа да жалпы бөлімдерінің әрекеті бүтіндей және толығымен Ерекше бөлімнің нормаларына таралған. Әрине, Ерекше бөлімнің нормаларын қолданғанда оларда қандай дәрежеде жалпы мәндегі нормалар көрініс табады деген сұрақты біз әлі де бірнеше рет қоятын боламыз. Дегенмен, құқық саласы қазірдің өзінде біртұтас құқықтық механизм ретінде қалыптасуға міндетті.

Бұл, жұмыста «Мүлікті жалдау» (Аренда) шартын толықтай ашып, егжей-тегжейлі жақтарын қарастыруға тырысамыз. Бұл тақырып қазыргі замандағы қарым-қатаныста себепті байланысы бар екені, әлде болса түсінікті деп, ойлаймын.

Өйткені, қазіргі нарықты заманда, нақтылай келсек біздің мемлекетімізді алсақ, коммерциялық қарым-қатынас өршіп, дамуда болғанын айта кетсек, «Мүлікті жалдау»

шартының рөлі де кем емес екендігін айта кеткен жөн. Кез-келген ұйым, кәсіпорын, жеке-заңды тұлғалар өздерінің капиталын үнемдеу мақсатында «Мүлікті жалдау» шартына жүгінеді. Себебі кез-келген уақытта қысқа мерзімде қолданылатын мүлік яғни ғимарат, көлік, өзге де кәсіптік құрал керек уақытта бұл шарттың маңызы орасан зор. Өйткені, «Мүлікті жалдау» шарты мүлікті жалға беруші мен мүлікті жалға алушы тараптарының құқықтық қатынастарын; міндеттерін, бағасын, мерзімін және де т.б. аспектілерін қарастырады және Заңмен қорғайды.

Әдебиеттер:

1. Ынтымақов, С.А. Азаматтық құқық: Практикум: Жалпы бөлім, 1-ші бөлім/ - Алматы: ҚазМЗА, 2005
2. Ынтымақов, С.А. Азаматтық құқық [Электронный ресурс]: Практикум: Жалпы-1-ші бөлім, ерекше-2-ші бөлім/ - Алматы: Юрид.лит., 2010
3. Абдуллина, З.К. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: Оқу бағдарламасы және тестілік тапсырмалардың жинағы/ - Алматы: Дәнекер, 2009

УДК 343.4

Баибатыров С.К.

«Тұран-Астана» университетінің магистранты

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУДЫҢ МҮМКІНДІГІН ЖОҚҚА ШЫҒАРАТЫН ЖАҒДАЙЛАР ОБСТОЯТЕЛЬСТВА, ИСКЛЮЧАЮЩИЕ ВОЗМОЖНОСТЬ УЧАСТИЯ В ПРОИЗВОДСТВЕ ПО УГОЛОВНОМУ ДЕЛУ CIRCUMSTANCES PRECLUDING PARTICIPATION IN CRIMINAL PROCEEDINGS

Аннотация. Мақалада қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудың мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайлар қарастырылған.

Түйінді сөздер: қылмыстық іс, іс жүргізуге қатысу және қатысушылар.

Аннотация. В статье предусмотрены условия, исключающие возможность участия в производстве по уголовному делу.

Ключевые слова: участие в уголовном деле, производстве и участники.

Annotation. The article provides for conditions that exclude the possibility of participation in criminal proceedings.

Keywords: participation in criminal proceedings, proceedings and participants.

Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы, қорғаушы жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің өкілі, куәгер, сот отырысының хатшысы, сот приставы, аудармашы, сарапшы, маман қаралып отырған қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге өздерінің қатысуын жоққа шығаратын мән-жайлар болған кезде қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттетілуге міндетті немесе оларға қылмыстық процеске қатысушылар қарсылық білдіретіні туралы мәлімдеуі тиіс. Заң бойынша қылмыстық процесті жүргізуге өкілетті орган қылмыстық істің кез келген сатысында іс бойынша іс жүргізуден шеттету туралы мәлімделген қарсылық білдірулер мен өтініштерді шешуге немесе бұл адамның қылмыстық процеске қатысуын жоққа шығаратын мән-жайлар анықталған кезде тиісті қаулы шығару арқылы өз бастамашылығы бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттетуге құқығы бар. Егер басқа процеске қатысушыларға қатысты қарсылық білдірулерді шешуге уәкілетті адамға қарсылық білдірумен бір уақытта процеске өзге де қатысушыларға қарсылық білдіру мәлімделсе, онда бірінші кезекте осы адамға қарсылық білдіру туралы мәселе шешіледі. Заң бойынша судьяға мына жағдайларда қарсылық білдіріледі:

Қылмыстық іс бойынша жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің, олардың өкілдерінің туысы, айыпталушының немесе оның заңды өкілінің туысы, прокурордың, қорғаушының, тергеушінің туысы болса; егер, судья жеке, тікелей немесе жанама осы іске мүдделі деп санауға негіз беретін өзге де мән-жайлар болса, ол істі қарауға қатыса алмайды; аталған іс бойынша жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер болып табылса, куә ретінде шақырылса не шақырылуы мүмкін болса. т.б. заңда көзделген жағдайларда қарсылық білдіріледі.

Қарсылық білдіру сот тергеуі басталғанға дейін мәлімделуі керек. Сот тергеуі басталып кеткеннен кейінгі мәлімдемеге тек ол үшін негіз қарсылық білдіруді мәлімдеген тарапқа сот тергеуі басталғаннан кейін белгілі болған жағдайда ғана жол беріледі [1]. Ал, бірнеше судьяға немесе соттың бүкіл құрамына қарсылық мәлімделсе, онда көпшілік дауыспен сот шешеді. Дауыстар тең болған кезде судьяға қарсылық білдірілген болып саналады. Қарсылық білдіру туралы мәлімдеме қанағаттандырылған жағдайда қылмыстық іс, шағым не өтінішті белгіленген тәртіппен басқа судьяның іс жүргізуіне беріледі. Қарсылық білдіруді қабылдамай тастау немесе қанағаттандыру туралы қаулы шағымдалуға немесе наразылық білдірілуге жатпайды. Қаулыға келіспеушілік туралы дәлелдемелер апелляциялық немесе қадағалау шағымына енгізіледі.

Прокурорға қарсылық білдіру туралы мәселені жоғары тұрған прокурор шешеді. Ал, қарсылық білдіру қылмыстық істі сотта қарау кезінде білдірілсе, онда бұл мәселені сот шешеді.

Ал, тергеушіге байланысты білдірілген қарсылықты прокурор шешеді.

Куәгерге білдірілген қарсылықты іс тергеп жатқан тергеушінің өзі шешеді.

Сот отырысының хатшысы мен соттың приставына қарсылық білдіру туралы мәселені қылмыстық істі қараушы соттың өзі шешеді.

Аудармашы мен маманға, сарапшыға байланысты білдірілген қарсылықты қылмыстық процесті жүргізуші органның өзі шешеді [2].

Қорғаушыны, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің өкілін қаралып отырған қылмыстық іс бойынша іс жүргізуден шеттетуге туралы мәселені қылмыстық іс жүргізуді жүргізуші орган шешеді.

Қорғаушы, сондай-ақ, жәбірленушінің не жеке айыптаушының, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің өкілі мына мән-жайлардың кез келгені болған ретте:

-егер ол бұрын іске судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы, сот отырысының хатшысы, куә, сарапшы ретінде іске қатысса;

-егер ол осы істі тергеуге немесе соттың қарауына қатысқан немесе қатысатын лауазымды адаммен туыстық қатынаста болса;

-егер ол қорғалушымен немесе сенім білдірушімен қарама-қарсы мүдделері бар адамға заңгерлік көмек көрсеткен болса, сонымен қатар бұл адаммен туыстық қатынаста болса;

-егер, заңның күшімен немесе соттың шешімімен қорғаушы немесе өкіл болуға оның құқығы жоқ болса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге құқығы болмайды.

Қылмыстық процеске қатысушылар қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыратын органдарға қылмыстық іс бойынша маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін өтініш жасай алады. Өтініш процестің кез келген сатысында беріле алады. Өтініш білдірген адам қандай мән-жайды анықтау үшін іс - әрекет жасауды немесе шешім қабылдауды сұрайтындығын көрсетуі керек. Өтініш жазбаша немесе ауызша беріледі. Өтініш жазбаша берілсе, онда өтініш қаралып отырған қылмыстық іске тігіледі, ал, ауызша білдірілген өтінішті сот отырысының хаттамасына немесе тергеушінің хаттамасына бұл туралы жазылуы тиіс. Тергеуші немесе сот өтінішті қанағаттандырмауы да мүмкін. Мұндай жағдайда процеске қатысушы өтінішті басқа органға немесе қылмыстық іс жүргізудің басқа сатыларында білдіре алады. Өтініш қабылданған ретте ол тікелей шешуге жатады және өтініш бойынша шешім үш тәуліктен кешіктірілмей қаралады. Сот немесе тергеуші өтінішті қабылдау туралы дәлелді қаулы шығарады. Қаулының көшірмесі өтініш берушіге беріледі. Өтінішке шағым жасауға болады.

Өтініш мына жағдайларда қанағаттандырылады:

-егер, ол істің мән-жайын толық және объективті зерттеуге жәрдемдесе;

-егер, өтініш басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге көмектесе.

Егер жүргізілген іс жүргізу әрекеті өздерінің мүдделерін қозғайтын болса, процеске қатысушылар, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдар анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың, соттың немесе судьяның іс-әрекеттеріне шағымдана алады. Шағым қылмыстық іс бойынша іс жүргізу үшін жауапты органға немесе лауазымды адамға және заңмен уәкілдік берген адамға беріледі. Шағымға қосымша материалдар қоса тіркелуі мүмкін. Шағымданушы қылмыстық іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін болса, өзі білетін тілде не ана тілінде бере алады. Берілген шағымды оны берген адам қайтарып ала алады [3; 55].

Ұсталған немесе тұтқында отырған адамдардың шағымын алдын ала қамауға алу орындарының әкімшілігі арқылы беріледі. Әкімшілік қылмыстық процесті жүргізуші органға қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталған немесе бұлтартпау шарасы ретінде тұтқында отырған адамдардың шағымын дереу беруге міндетті. Ұсталған немесе тұтқында отырған

адамдар, егер тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының іс әреттеріне шағым беретін болса, онда ол шағымды қамауда ұстау орындарының әкімшілігі арқылы прокурорға беріледі. Ал, прокурордың іс әрекеттері мен шешімдеріне шағымды жоғары тұрған прокурорға береді. Шағымдарды қамауда ұстау орындарының әкімшілігі тиісті адамға немесе органға бір тәулікте кешіктірмей жеткізуі тиіс.

Шағымдарды беру мерзімі барлық анықтау ісі, алдын ала тергеу және сот талқылауын жүргізу барысында беріледі.

Қылмыстық іс бойынша шағым берілсе, шағымдалған шешімнің орындалуы тоқтатыла тұрады [4; 138].

Шағымдарды қарау кезінде прокурор немесе судья онда жазылған дәлелдерді жан-жақты тексеруге, қажет болған жағдайда қосымша материалдарды талап етуге, тиісті лауазымды адамдардан, ұйымдардан және азаматтардан шағымдалған іс әрекеттер мен шешімдерге қатысты түсініктеме алуға міндетті. Шағымды қараушы прокурор немесе судья өз өкілеттіктері шегінде қылмыстық процеске қатысушылардың, немесе өзге де азаматтардың немесе ұйымдардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге дереу шаралар қолдануы тиіс. Іс жүргізу органдарының заңсыз іс әрекеттері мен шешімдерінен адамға моральдық, мүлктік зиян келтірілсе, онда осы зиян өтелуге немесе жойылуға тиіс.

Жоғарыда атап өткеніміздей, яғни анықтаушының, тергеушінің анықтау органының іс әрекеттері мен шешімдеріне келіп түскен шағым бойынша, прокурор шағымды алғаннан кейін үш тәуліктің ішінде қарауға міндетті. Ал, егер шағымды қарау үшін қосымша материалдар қажет болса, онда бұл туралы прокурор шағым берушіге хабардар етеді. Мұндай жағдайда шағымды қарау мерзімі жеті тәулікке дейін созылады. Шағымды қараудың нәтижесінде шағым жасалған шешімді тоқтату немесе өзгерту арқылы шағымды толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы не шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданады.

Әдебиеттер:

1. Закон Республики Казахстан “Об оперативной-розыскной деятельности” от 15 сентября 1995г.
2. Комментарий к Уголовному Процессуальному кодексу. /ч.общая/. Жети-Жаргы. 2015 г.
3. Басков В.И. Прокурорский надзор. М.2008.
4. Ларин А.М. Расследование по уголовному делу: процессуальные функции. М.2011г.

УДК 343.5

Байтлеуов Айвар

*Магистрант кафедры «Национальное и международное право»,
Университет «Тұран-Астана»,
г. Астана, Республика Казахстан*

ПРЕСТУПЛЕНИЯ В БАНКОВСКОЙ СФЕРЕ, СОВЕРШАЕМЫЕ РАБОТНИКАМИ БАНКА, И ИХ ХАРАКТЕРИСТИКА БАНК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖАСАҒАН БАНК САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ CRIMES IN THE BANKING SECTOR BY BANK EMPLOYEES AND THEIR CHARACTERISTICS

Аннотация. В данной статье проводится анализ преступности в банковской сфере, в том числе преступлений, совершаемых сотрудниками специальных субъектов – банков.

Ключевые слова: право, правовое государство, правовая концепция.

Аннотация. Бұл мақалада банк саласындағы қылмыстылыққа, оның ішінде арнайы субъект – банк қызметкерлерімен жасалатын қылмыстарға талдау жасалады.

Түйінді сөздер: преступление, преступность в банковской сфере, состав преступления.

Annotation. This article analyzes crime in the banking sector, including crimes committed by employees of special subjects – banks.

Keywords: crime, banking crime, corpus delicti.

В основу классификации преступных посягательств на безопасность банка положены применяемые в уголовном праве разграничения по родовому, видовому и основному (непосредственному) объектам преступлений. В соответствии с таким подходом основные виды преступных посягательств на безопасность банка относятся к преступлениям в сфере экономики (родовой объект), против собственности, в сфере экономической деятельности, против интересов службы в коммерческих и иных организациях (видовые объекты), преступлениям против общественной безопасности и общественного порядка (родовой объект) и в сфере компьютерной информации (видовой объект).

Предметом этих преступлений являются объекты права собственности и неимущественных прав, указанных в ГК.

В зависимости от субъекта в структуре преступности в банковской сфере целесообразно различать:

Преступления, совершаемые руководителями банков и других кредитных организаций

Преступления, совершаемые руководителями банков и других кредитных организаций, отличаются повышенной общественной опасностью. Это связано с особыми функциями данных организаций в финансовой системе и экономике в целом. Жертвами преступлений становятся значительные группы субъектов экономических отношений.

По данным известного американского исследователя правонарушений в банковской сфере Пратта А. Лестера «Обманные операции в банковском деле» отмечается, что среди служащих национальных банков США, осужденных за уголовные преступления, на долю руководящего звена (директоров, президентов, вице-президентов, а также руководителей филиалов и крупных отделов) приходилось 14% от общего числа, бухгалтеров – 17%, кассиров и операционистов – 57%.

Подобная статистика в России не ведется. Можно лишь предположить, что руководителями российских банков совершается не меньше злоупотреблений, чем в США. Однако опасность этих правонарушений определяется не количеством, а теми негативными последствиями, которые, как правило, ведут к краху банков.

Средства массовой информации не обошли вниманием действия бывшего председателя Всероссийского биржевого банка 30-летнего Александра Конаныхина. По данным «Интерпол экспресс» основанием для его ареста явилось нарушение правил въезда в США и предоставление американским властям ложных сведений о роде деятельности. По документам бывший российский банкир являлся якобы сотрудником некой рекламной фирмы, а на самом деле он занимался финансово-инвестиционной деятельностью, на которую не имел необходимой для этого лицензии.

В США Конаныхин, в частности, попытался создать сеть банков, которые специализировались на обслуживании выехавших за границу российских предпринимателей, и работал с переведенными за рубеж средствами российских коммерсантов. Эти средства предполагалось инвестировать в экономику стран Запада.

Конаныхин хотел открыть свои банки в США, Великобритании и Швейцарии. Однако ему удалось зарегистрировать лишь банк «Европейский Союз» в государстве Антигуа и Барбуда (Малые Антильские острова).

В США вспомнили о том, что еще с 1995 года Генеральная Прокуратура России пытается добиться от американских властей выдачи Конаныхина. В России против него возбуждены два уголовных дела по обвинению в мошенничестве и хищении в особо крупных размерах. Общая сумма ущерба, нанесенного им, превышает 8 млн. долларов.

Суд США отказал Конаныхину в его просьбе о предоставлении политического убежища и депортировал его российским властям.

Вот еще пример из практики: Антон Долгов, руководитель Московского городского банка (МГБ) с 1992 года проводил рискованную финансовую политику, привлекая на льготных условиях свыше 150 млрд. рублей (более 30 млн. долларов) заемных средств. Большая часть этих денег переводилась на счета подставных фирм, а также выдавалась в виде невозвратных кредитов.

На основе заявления банков-кредиторов против Долгова было возбуждено уголовное дело по факту мошенничества. Личный вклад Долгова в разорение МГБ оценивается в 20 млн. долларов. Информация о розыске Долгова была передана в Интерпол. Его видели в Литве, затем в Польше, Австрии. По данным следователей, не раз использовал деньги банка в личных целях. В частности, приобрел дом на Мальте, в котором проживают мать и отчим Долгова, три дорогих автомобиля и несколько квартир. Следствие также располагало документами о переводе Долговым денег на счета

зарубежных банков. Кроме того, известен случай, когда по распоряжению Долгова ему был выдан ничем не обеспеченный кредит на 1 млн. долларов наличными [1; 94].

В действиях А. Конаныхина, А. Долгова и других подобных руководителей банков есть много общего: они обманули многочисленных кредиторов и вкладчиков, довели до фактического банкротства возглавляемые ими банки, присвоили значительные суммы денег.

Можно сформулировать некоторые правонарушения, совершаемые такими руководителями:

- Предоставление недостоверных данных в контролирующие органы;
- Сокрытие доходов с целью уменьшения налоговых платежей;
- Манипулирование бюджетными денежными средствами (со стороны уполномоченных банков);
- Участие в отмытии «грязных денег»;
- Мошенничество, как наиболее распространенный вид преступлений;
- Незаконное предпринимательство. Получила распространение криминальная практика создания банков и других кредитных организаций с целью привлечения и последующего хищения денежных средств других лиц. Многочисленные лжебанки, финансовые компании причинили ущерб десяткам миллионов граждан. Особенно значительный ущерб был связан с деятельностью фирм, использующих принцип финансовых пирамид. В целях предупреждения их преступной деятельности ст. 214 УК РК предусматривает ответственность за незаконное предпринимательство, под которым понимается создание коммерческой организации без намерения осуществлять предпринимательскую или банковскую деятельность, имеющее целью получение кредитов, освобождение от налогов, извлечение иной имущественной выгоды или прикрытие запрещенной деятельности, причинившее крупный ущерб.

Уголовный кодекс предусматривает еще два состава, призванных защищать интересы кредиторов от незаконных действий правонарушителей. Это однородные правонарушения, связанные с банкротством: *преднамеренное банкротство (ст. 238 УК РК)* и *фиктивное банкротство (ст. 240 УК РК)*.

Под *преднамеренным банкротством* понимается умышленное создание или увеличение неплатежеспособности, совершенное руководителем или собственником коммерческой организации, а также индивидуальным предпринимателем в личных интересах иных лиц, причинившее крупный ущерб либо иные тяжкие последствия. В сфере банковского кредитования данное деяние совершается с одной целью – уход от погашения долга.

«Предпосылкой» для подобных деяний является п. 6 ст. 64 ГК РК, которая гласит, что требования кредиторов, не удовлетворенные из-за недостаточности имущества ликвидируемого юридического лица, считаются погашенными. Естественно, что злоумышленники, понимая возможность банка о списании безнадежной ко взысканию ссуды, идут на совершение противоправных действий через преднамеренное банкротство.

Фиктивное банкротство – заведомо ложное объявление руководителем или собственником коммерческой организации, а также индивидуальным предпринимателем о своей несостоятельности в целях введения в заблуждение кредиторов для получения отсрочки или рассрочки причитающихся кредиторам платежей или скидки с долгов, а также для неуплаты долгов.

В данной ситуации, согласно ст. 65 ГК РК, юридическое лицо, являющееся коммерческой организацией, а также юридическое лицо, действующее в форме потребительского кооператива либо благотворительного или иного фонда, может совместно с кредиторами принять решение об объявлении о своем банкротстве и о добровольной ликвидации.

Прибегая к такому виду правонарушения, злоумышленники опять преследуют лишь одно – уход от погашения кредиторской задолженности либо добиваются льготных условий для их уплаты. С этой целью они представляют в банк ложные сведения, фиктивные документы, свидетельствующие о якобы неизбежном банкротстве предприятия. На самом деле, возможно, ситуация обстоит иначе.

Кроме того, руководителями банков и иных кредитных организаций совершаются преступления против интересов акционеров и пайщиков (мошенничества с балансовыми ведомостями), преступления против финансовой системы государства, налоговые преступления, преступления против условий и порядка осуществления банковской деятельности (незаконная банковская деятельность, коммерческий подкуп) и другие.

Преступления, совершаемые бухгалтерскими служащими банков

Особое место занимают преступления, совершаемые с использованием методов бухгалтерского учета. Их субъектами являются ответственные сотрудники бухгалтерии.

Бухгалтерские служащие по сравнению с другими категориями банковских служащих наиболее активно вовлечены в незаконные операции.

Наиболее часто встречающимися преступными операциями являются:

- завышение и занижение суммы проводок по дебету и кредиту;
- неправомерное списание со счетов, когда служащий действует как агент или лицо, имеющее доверенность;
- фиктивные вклады;
- фиктивные проводки по счетам клиентов;
- счета на фиктивные лица;
- отнесение чеков служащих на счета клиентов;
- изъятие и уничтожение чеков служащих до переноса чеков в бухгалтерскую книгу;
- неправомерные снятия с временно неиспользуемых счетов;
- незаконное присвоение комиссионных сборов;
- незаконное присвоение вкладов;
- манипуляция с процентами по сберегательным счетам.

Бухгалтер, в обязанности которого входит бухгалтерский учет, имеет ограниченные возможности для злоупотреблений. Однако некоторые способы, к которым прибегают бухгалтеры, при определенных обстоятельствах могут нанести банку существенный ущерб.

В небольших банках, где бухгалтерам, ведающим индивидуальными бухгалтерскими книгами и бухгалтерскими книгами сбережений, разрешено иметь доступ к наличным деньгам, гроссбуху и другим банковским записям и документам, пол для их криминальной деятельности значительно расширяется по сравнению с крупными банками. Нечестный служащий не только достаточно свободно может получить наличные деньги, но имеет к тому же значительные возможности для утаивания своих растрат. Ему довольно просто скрыть недостачу в своем отделе и путем манипуляции по ее сокрытию в учетных документах, и наоборот.

Нередко противоправные действия совершаются бухгалтером отдела валютных операций либо при его участии путем перечисления иностранной валюты на закрытый валютный счет, транзитный счет для физических лиц (невывлаченные переводы из-за границы) с целью последующего снятия со счета этих средств. Такое преступление было выявлено в ряде московских банков.

В других случаях подделываются платежные документы на перечисление валюты в иностранные государства, где эти лица или их сообщники имеют личные счета. После такого перечисления валюта снимается со счета, нередко декларируется на границе и ввозится в Россию, после чего вывозится в другие страны, где за счет похищенных сумм регистрируются частные предприятия либо открываются личные счета.

Совершению таких правонарушений часто способствуют несоблюдение требований по хранению кассовых и других бухгалтерских документов, печатей, штампов бланков, строгой отчетности.

Именно этим обстоятельством воспользовался бывший бухгалтер управления валютных операций одного из банков г. Москвы, который, по роду своей работы занимаясь получением наличной свободно конвертируемой валюты, подготовил в банке платежное поручение, подделал в нем подписи должностных лиц и с помощью сотрудников банка поставил на поручение печать, получил свыше 150 тыс. долларов США, которые присвоил. Оттиск печати банка на поручении по его просьбе поставила знакомая, которая по роду своей работы не имела права ставить эту печать на указанный документ [2; 108].

Практика работы правоохранительных органов свидетельствует о том, что для совершения преступных действий порой используются официальные бланки предприятия с подписями руководителей и печатями, оставленные (забытые) работниками предприятий, похищенные у руководителей фирм.

Бывают случаи, когда бухгалтеры, по роду своей деятельности занимающиеся оформлением и предоставлением заявок на перечисление валюты от имени иностранных фирм (в которых они работают), завладевают чистыми бланками подобных заявок с подписью глав иностранных фирм. В эти бланки упомянутые бухгалтеры вносят ложные сведения о переводе определенных сумм в иностранной валюте на счета, открытые на имя подставных лиц за рубежом. Переведенные суммы снимаются, попадают в руки бухгалтеров. Не в обиду остаются их доверенные лица, на чьи имена были открыты эти счета.

Надо упомянуть еще об одном способе мошенничества. Бухгалтеры, отвечающие за бухгалтерские книги сбережений, имеют возможность обманывать банки, в которых они работают, манипулируя процентами по сберегательным счетам. Это осуществляется путем завышения фактических процентов, начисляемых на различные счета, и использования суммы, предоставленной в завышении, для компенсации фиктивных расходов – либо против счета клиента, либо против контрольного счета.

Литература:

1. Ольшаный А. И. Банковское кредитование: российский и зарубежный опыт / Под ред. Е. Г. Ищенко, В. И. Алексеева. М. – Русская Деловая Литература, 2011. С. 259
2. Гуров А.И., Жигорев Е.С., Яковлев Е.И. Криминологическая характеристика и предупреждение преступлений, совершаемых организованными группами. М., 2009 г.

УДК 343.71

Бейсенбаева Гүлзина

«Тұран-Астана» университетінің магистранты

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ АКТІЛЕРІ АКТЫ КОНСТИТУЦИОННОГО СОВЕТА ACTS OF THE CONSTITUTIONAL COUNCIL

Аннотация. Мақалада Конституциялық кеңестің құзіреті және оның актілері туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: Конституция, Конституциялық Кеңес, нормативтік-құқықтық актілер.

Аннотация. В статье излагается компетенция Конституционного совета и его акты.

Ключевые слова: Конституция, Конституционный совет, нормативные правовые акты.

Annotation. The article describes the competence of the constitutional Council and its acts.

Keywords: The Constitution, the constitutional Council, the normative legal acts.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықтың қайнар көздерінің бірі Конституциялық Кеңес нормалары болып табылады. Конституциялық нормаларға сәйкес көрсетілген актілер қолданылатын құқыққа қатысады.

«Нормалардың құқықтық актілері» заңды біршама нормалы құқықтық қайнар көздері иерархиясынан тыс болды. Қазақстан Республикасының құқықтық тарихында Конституциялық Кеңес нормативтік актілері құқықтың қайнар көзі жүйесімен қалыптаспаған [1, 3126].

Кейбір ғалымдар Конституцияның кезеңдерінің кейбір нормаларының шешімдерінің қабылдауымен Конституциялық құқықтардың қайнар көзі анықталады деп түсінеді.. Бір мезгілде Конституциялық Кеңес Конституциялық заңдылықтың принципі туындауының маңызды рөлін көрсетеді.

«Қазіргі құқық» Конституцияның жағдайын талдағанда /40 бап 1-тар/ Сапарғалиев Ф.С. былай тұжырымдайды: ол қайнар көздерін белгілеу жалпы ерекшелігі бүкіл нормалық құқықтардың актілер түрлері оның қайнар көзі бола алмайды. Конституциялық құқықтың қайнар көзінде ол құқықтық қалыптасуының көз қарасының рөлі сондықтан ерекше қасиеті бар қайнар көздер ұлттық құқықтың қалыптасуын ғана талдайды. «Конституциялық құқықтың нормалары ғана емес оның басқа элементтері, принципі, декеративті жағдайы, түсінігі, мақсаты және міндеттері» қарастырылады. Е.Абдрасумованың ойынша нормативті құқықтардың акт Жоғарғы Сот органдарының шешімдерін қосқанда және Конституциялық бақылау органдарына нормативті қасиетті барлары ұқсас нәтижеде түсіндіреді. Бұл амал кейбір қайшылыққа туғызады. Мысалы: құқықтық теория нормаларының акт анықтамасы және құқықтық түсіндірілген тұста, керісінше Конституциялық кезеңдерінің нормалық актілері нормалық қасиеттерді иеленеді және құқықтық қайнар көздерінің шеңберіне кіреді.

А.Т.Ашеуловтың айтуы бойынша – Конституциялық бақылауда Сот органдарының актілік бағасы біркелкі емес, бірақ пост-элеуметтік елдерде сонымен қатар Қазақстан Республикасында көрсетілген практикада, осы органдардың шешімімен Конституциялық Кеңес Конституциялық Соттың құқықтық қайнар көздері болып қалыптаса бастайды. Әртүрлі ғалымдырдың көзқарастары

Конституциялық Кеңес қаулылардың нормативті болуына мынадай ой туады «Міндетті өнеге түсінігі және Конституциялық нормалардың қолдану әртүрлілігі, құқықтық жағдайлары, түрлері Конституциялық Кеңестердің қаулылары ішіне кіреді». Біртіндеп Конституциялық құқық керекті саласы қалыптасады – Конституциялық құқық өнегесі Конституциялық тікелей әрекеті өзіне тән әдіс әрекеттермен жасалады [2].

Конституциялық бақылау органдарының қызметі және қорытынды актілері, оның шешімдерімен міндеттері қабылданады, біздің көзқарасымызда әділ Сот органдарының нақты заңды істерді шешу қызметінде және олардың процесуалды қорытынды іс қағаздары принципінің айырмашылығы бар.

Конституциялық бақылау органдарының өнегесі шешімін мойындайды. Оның өзгешелігімен жұмыс істеу бөліміне қарамайды. Сот өнеге ісін құқықтық құбылыс ретінде маңызды сұрақтарды қарауға бағыттайды

Конституцияның қайнар көздерімен басқа құқықтық салаларына Н.В.Виктрук Конституциялық Соттың актілерін ұсынады. Соңғы құқықтық анықтамасы ретінде (қорытынды) жалпы мінезді талдау нәтижесімен заңдарының жағдайы және Конституциялық Сотының басқа да нормативтік акт негізінде білу, Конституциялық құқықтардың белгісіздікті алып тасталуы және құқықтың негізінде Конституцияның Сотының қорытынды шешімдерімен қызмет көрсетед.

Қазіргі уақытта құқықтық өнегені қолдану жолында Қазақстан Республикасының құқықтық саласында теоретикалық және практикалық базалары жоқ.

Біріншіден: Конституциялық бақылау органдарының Сот үкіметі органдарынан көптеген принципті және параметрлі өзгешелігі бар. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқықтық заңымен орнатылған осыған орай сатының өнеге ойы құқықтық қайнар көзі болып табылады. Қолданылып отырған аргло-саксондық құқықтық жүйесі соқпағында дамыған. Біздің мемлекетіміздің жағдайына бейімделуі мүмкін емес.

Екіншіден: Конституциялық Кеңес қаулысымен ресмилік акт талдау Конституциялық нормалары өнеге бола алмайды. Өзінің мағынасында Конституциялық нормалар түсінігі және қолданыс өнегесі сол себептен қорытынды нәтиже және оның жиынтығы орналастырған.

Қоғамдағы қоғамдық қатынастар арасындағы өзара заңдар мен қатынастар әлеуметтік детерминизм (латын детерминизмін анықтау) принципі негізінде анықталады. Бұл принцип үш түрге бөлінеді: механикалық әлеуметтік детерминизм, статистикалық әлеуметтік детерминизм және мақсатқа байланысты жүйелі әлеуметтік детерминизм.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы қоғамдық өмірдің барлық салаларында жалпы қайта ұйымдастыру кезеңінен өтуде. Екі маңызды мәселе контекстінде Экономикалық даму проблемаларын қарайтын және экономикалық тұрақтандыруды және реттелетін нарықтық экономиканы қамтамасыз ететін Қазақстанды егеменді ел ретінде құру мен дамыту стратегиясы нарықтық тетік және тиімді іс-қимылдар сияқты мәселелерді шешетін болады.

Қазақстан ішкі және сыртқы салиқалы саясатымен, байсалды қадамдарымен, ел экономикасын өрге бастырудағы батыл қимылдарымен, жаһандық мәселелерді шешудегі игі бастамаларымен бүкіл әлемге танылды. Тәуелсіздік жылдары рухани өмірге бұрын соңды болмаған өзгерістер әкелді. Материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз етудегі ауыртпашылықтарға қарамастан қазақ халқының рухани мұрасын толық қалпына келтіру, ұлттық дәстүрді, оның мәдени-этникалық және нормалық-этникалық құбылыстарын әлеуметтік институт ретінде ғылыми-теориялық жағынан талдай отырып, оның мәдениетін батыстандырудың теріс ықпалдарынан қорғау кезек күттірмейтін келелі мәселеге айналды.

Заман талабынан туындап отырған аталмыш мәселелерді шешуде Қазақстан үшін екі үлкен міндет туындады. Біріншісі, санадағы, әлеуметтік тәжірибедегі бодандықтың елдіктен, теңдіктен алыстататын қиянатынан тезірек арылу, екіншісі, тәуелсіз азат Қазақстанның аяғынан тік тұруына, әлемдік өркениетке өзіндік келбет-кейпімен кірігуіне лайықты үлес қосу. Демек, әлемдік үрдіске қалтқысыз араласуды мақсат еткен Қазақстанға рухани-мәдени болмысымызды, ұлттық дәстүрімізді, құндылықтарымызды, қазақы пішін-болмысымызды бүлдірмей, қолдан келсе таза ұстаудан басқа жол жоқ. Өйткені, алыс-жақын мемлекеттер қоян-қолтық жақындасып жатқан мына заманда ұлттан ұлттың, нәсілден нәсілдің, халықтан халықтың өзгешелігі, ерекшелігі, төлтума даралығы мен айырмашылығы тек дәстүр, руханият, тіл, менталитет салаларына келіп тіреледі. Ендеше, вестернизацияны ой елегінен өткізу көкейкесті мәселеге жатады. «Вестернизация» ұғымы қазақстандық қоғамтанушылар тарапынан да талдау объектісі болып келді. Қазіргі жаһандану үрдістері және олардың ұлттық мәдениеттерге тигізетін әсері соңғы жылдары қоғам өкілдері арасында, қызу талқыланып, әртүрлі пікірлер айтылып жүр. [2, 5 б.].

Құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттері мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар неге екенін түсіну маңызды. Мүлік пен мүліктік құқықтар мыналарды қамтиды: заттар, ақша және бағалы қағаздар, басқа да мүлік, сондай-ақ мүліктік құқықтар; жұмыс пен қызметтер; Ақпарат; зияткерлік қызметтің нәтижелері, сондай-ақ оларға берілген құқықтар (зияткерлік меншік). Жеке мүліктік емес артықшылықтар мен құқықтарға: өмір, денсаулық, ар-ождан, абырой, іскерлік бедел, авторлық құқық, меншік құқығы және т. б. жатады.

Неоконсерватизм идеологиясын австриялық экономист Фридрих Август фон Хайек (1899-1992) өзінің «Құлдыққа апаратын жол», «Еркіндік конституциясы» еңбектерінде, «Құқық, заң шығарушылық және еркіндік» трилогиясында негіздеді. Оның әлеуметтік-философиялық доктринасы экономикалық концепциясымен қатар қазіргі қоғамды ұйымдастыру, мәдени даму, ғылыми таным методологиялары мәселелерін де қамтиды.

Хайек өз ілімінде нарықты мемлекеттік реттеудің кез келген формасын сынап отырып, Кейнстің теориясына да, социализм іліміне де қарсы шығады. Жалпы игілік үшін меншікті әлеуметтендіру, оның пікірінше, индивидуалдық еркіндікті басып-жаншып, тоталитарлық режимді орнатады. Қазіргі плюралистік қоғамға құқық үстемдік ететін мемлекет қана сәйкес келеді. Құқықтық

мемлекет жеке құқықтан, тіпті конституциядан да үстемдігін білдірді, өйткені «жекеменшік еркіндіктің басты кепілі болып табылады».

Қазіргі батыстандыру саясатында экспансиялық сипаттың күшейіп келе жатқанын көрсетеді. Бұл қазақстандық зиялы қауымды да толғандырмай қоймайды. Біз осындай экспансияға төтеп бере алатындай болуымыз керек. Осы жөнінде академик Ә. Нысанбаев айтқанындай, вестернизация яғни, батыстану – бүкіл әлемді батыстың үлгісімен дамыту. Мысалы, нарыққа көшіп жатырмыз, демократия, сөз бостандығы деп жүрміз мұның бәрі батыстан шыққан, ал шығыстың құндылығы өз алдына.[3, 2 б.].

Бізге жаһандану процесінің пайдалы жағы – біз батыстан инвестиция алып жатырмыз, капитал, технология келеді. Ол біздегі тоқтап тұрған өндіріс орындарын жандандыруға септігін тигізеді. Бірақ Қазақстан батыс рыногына, бәсекеге төтеп беретін өз тауарын шығара алмай отыр. Ондай тауар бізде жоқ. Қарап отырсақ, жаһандану процесінде біздің еншімізге тиетін шаруа шикізат өндіру ғана сияқты. Шетелдіктер бізден шикізатты арзанға сатып алып, өндеп, пайдалы затқа айналдырып, қымбатқа қайта сатады. Бұл экономикалық жаһандану. Мәдени жаһандану салдары одан да қауіпті. Сөйтіп, біз саяси және экономикалық тәуелсіздігіміздің белгілі бір бөлігінен еш соғыссыз-ақ, бейбіт жолмен айырылып қалу қауіпін ескертеді [3, 27 б.].

Бұл жерде саяси дәстүр мен мәдени ұлттық дәстүрдің бетпе-бет келген тұсында, халық патриоттары мен ұлт жанашырларының алдын ала қамданғаны орынды болар еді деген ойды білдіреді.

Алғашқы нарықтық қатынастар кезіндегі рухани мәдениеттің көптеген ұжымдары мен түрлеріне ыңғайсыз болып шықты, мәдениет пен өнердің дәстүрлі емес түрлері (негізінен, батыстық) қаулап өсті. Мұндайда елдігімізді, ерендігімізді сақтап қалудың жолы – ұмыт бола жаздаған ұлттық дәстүрімізді қайта жаңғырту. Дәстүрлердің жалпыға ортақ ең маңызды қызметі – адамдар арасындағы қатынастардың өркендеуі және өзгеруі жағдайындағы тұрақтылықты ретке келтіріп отыру. Тұрақтылық болмаса, даму да болмайды. Демек, дәстүрсіз қоғамдық қатынастардың қалыптасуы, дамуы, өзгеруі мүмкін емес. Тұрақтылықты реттей отырып, дәстүр қоғамдық болмыстың ең маңызды негізін түзеді. Қоғамдық қатынастар тарихи дамудың әрбір жана сатысында сақталып қана қалмастан өзгеріп, жаңара береді. Сөйтіп, дәстүрлер арқылы қайта жаңғыру жүзеге асады, ескі қатынас түрлерінің қазіргі және болашақтағы қатынас түрлері келіп шығады. Француз әлеуметтанушысы Э. Дюркгеймнің пікірінше, әлеуметтану әлеуметтік нақты мәні бар, оған ғана тиісті қатынастарды, олардың саналарын терең зерттеуі керек. Э. Дюркгейм әлеуметтік фактілерді бастапқы түсінікті (елестетуді) жатқызады. Ұжымдық ұғымға әртүрлі адам өмірінің моральдық, басқаша айтқанда, әдет-ғұрып, дәстүр, тәртіп ережелері т.б. кіреді. Ал, олар объективті түрде өмір сүреді. Э. Дюркгейм қоғамды ерекше субстанция ретінде қарастырды, оны топтық сана мен топтық мінез-құлық ерекшеліктерімен салыстыра отырып түсіндірген. Топ ойлайды, сезінеді, іс-әрекет, қимыл жасайды. Ал, бұл топтың мінез-құлқы оның әрбір жеке мүшесінің ой-сезім, іс-әрекетінен басқаша. Бұл постулаты Э. Дюркгейм барлық қоғамға қолданады. Әлеуметтік фактілер индивидтен (адамнан) тәуелсіз, ол да табиғат құбылыстары сияқты, бірақ, олар адамға еріксіз түрде әсер етіп, оның қоғамда бір тәртіппен жүруін талап етеді [4, 27 б.].

Мұнда әлеуметтік қатынас түсінігінің дәстүрі қалыптасады. Қазақ мәдениеті батыстандыру мен жаһанданудың жойқын ағысына батып кетпей тұрғандағы ұлттық дәстүрді Дюркгейм айтқандай, әлеуметтік қатынасының тұрақтылығына айналдыру. Әлеуметтік жалпы заң жеке ерекше, сондай-ақ атқаратын қызметіне орай даму және өмір сүру заңдары болып бөлінеді, заңдар жүйесі қоғамның «қаңқасы» десек, осы «қаңқада» қоғамдық организмнің «тәні» тіршілік етіп, өзгеріп отырады. Әлеуметтік қарым-қатынас заңы әлеуметтік жүйе дамуының негізгі бағытын көрсеткенімен кездейсоқтықтар мен ауытқушылықтарды «болжай алмайды». Әлеуметтік заңның объективтілігі оның адамдар еркіне бағынбайтындығында. Әлеуметтік қарым-қатынас заңын танып-білудің арқасында адам оны саналы түрде өз игілігіне пайдалана алады. Әр алуан топтардың, таптардың бір-біріне деген қарым-қатынастарын, жақындығын, қарама-қайшылығын, қоғамдағы орнын білдіреді. Әлеуметтік қарым-қатынасты анықтауда ұлттық элиталық т.б. топтардың әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орнына байланысты туатын әлеуметтік ерекшеліктері де ескеріледі. Әлеуметтік қарым-қатынастар жоғары-төменді және бір деңгейлі болып бөлінеді. Мысалы белгілі-бір топтар иерархияның бір сатысында тұрғанымен өзіндік ерекшеліктері бар болса, онда олардың арасындағы бір деңгейлі әлеуметтік қарым-қатынас, ал әртүрлі әлеуметтік сатылардағы топтардың ерекшеліктері жоғары-төменді әлеуметтік қарым-қатынас болып табылады. Әлеуметтік қарым-қатынас билік, мәртебе, бедел ұғымдарымен де байланысты. Сан алуан әлеуметтік экономикалық жүйелер және әлеуметтік институттар әлеуметтік қарым-қатынастың сипаты мен әлеуметтік рөлдерінің жүзеге асуы

жағынан бір-бірінен ерекшеленіп тұратын патриархалды-дәстүрлі қоғамда касталар, сословиелер арасындағы әлеуметтік қарымқатынастың, әскердегі әлеуметтік қарым-қатынастың белгілі бір ережелерге, қатаң тәртіпке бағындыруынан көруге болады.

Әлеуметтік жалпы заң жеке ерекше, сондайақ атқаратын қызметіне орай даму және өмір сүру заңдары болып бөлінеді, заңдар жүйесі қоғамның «қаңқасы» десек, осы «қаңқада» қоғамдық организмнің «тәні» тіршілік етіп, өзгеріп отырады. Әлеуметтік қарым-қатынас заңы әлеуметтік жүйе дамуының негізгі бағытын көрсеткенімен кездейсоқтықтар мен ауытқушылықтарды «болжай алмайды». Әлеуметтік заңның объективтілігі оның адамдар еркіне бағынбайтындығында. Әлеуметтік қарым-қатынас заңын танып-білудің арқасында адам оны саналы түрде өз игілігіне пайдалана алады. Әр алуан топтардың, таптардың бір-біріне деген қарым-қатынастарын, жақындығын, қарама-қайшылығын, қоғамдағы орнын білдіреді. Әлеуметтік қарым-қатынасты анықтауда ұлттық элиталық т.б. топтардың әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орнына байланысты туатын әлеуметтік ерекшеліктері де ескеріледі. Әлеуметтік қарым-қатынастар жоғары-төменді және бір деңгейлі болып бөлінеді. Мысалы белгілі-бір топтар иерархияның бір сатысында тұрғанымен өзіндік ерекшеліктері бар болса, онда олардың арасындағы бір деңгейлі әлеуметтік қарым-қатынас, ал әртүрлі әлеуметтік сатылардағы топтардың ерекшеліктері жоғары-төменді әлеуметтік қарым-қатынас болып табылады.

Әлеуметтік қарым-қатынас билік, мәртебе, бедел ұғымдарымен де байланысты. Сан алуан әлеуметтік экономикалық жүйелер және әлеуметтік институттар әлеуметтік қарым-қатынастың сипаты мен әлеуметтік рөлдерінің жүзеге асуы жағынан бір-бірінен ерекшеленіп тұратын патриархалды-дәстүрлі қоғамда касталар, сословиелер арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастың, әскердегі әлеуметтік қарым-қатынастың белгілі бір ережелерге, қатаң тәртіпке бағындыруынан көруге болады.

Мысалы, белгілі-бір елдің әлеуметтік қарымқатынасынан дамуын ашу үшін оның бүгінгі жағдайын, қатар өмір сүріп отырған басқа елдің жағдайымен салыстыруға болатын болса, екінші жағынан, сол елдің өзінің өткен кезеңімен де салыстыруға болады. Бірақ мұндай салыстырмаларды зиялылықпен, терең талдаулардың негізінде жүзеге асырған орынды. Онсыз кейде, басқа елдің бір жақтарының сырт көріністері «жетістік» болып көрінгенімен, ол жетістіктің сол елге ғана тән себеп-салдарлық тарихи тағдырлары болады. Сондықтан, сол ерекшеліктерден шықпай, әртүрлі сырт көріністерді өзара теңестіру зерттеліп отырған елдің қалай дамып келе жатқандығын дұрыс түсінуге көмектеспейді. Әлеуметтік қарым-қатынастың дамуы күрделі түрде мөлшерлеп көрсетуге, көмек көрсете алатын ғылыми ұғымдарға «өмір салты», «әділеттілік» сияқты ұғымдар жақын болып есептеледі. Әлеуметтік қарым-қатынас түрлері интенсивтігі мен оның шиеленісуінің дамуы экономикалық саяси идеологиялық факторларға тәуелді. Бұқара халықтың қоғамның дамуы заңдарын түсінуді мен оның бостандығының дамуы тікелей байланысты. Жеке адамның ішкі рухани құрылымын дәлелдеу және бағдарлау жүйесінің әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларына қоғамдық бейімделудің әсерін зерттеудің тәжірибелік әдістері қарым-қатынас жасау. Әлеуметтік субъектілердің қоғамдағы жағдайы мен қоғамдық өмірдегі рөліне байланысты туатын, олардың өзара қатынас, қызметін білдіретін, салыстырмалы түрде анықталатын тәуелсіз, ерекше қарым-қатынастардың бір түрі. Әлеуметтік қарым-қатынастар мәні мен қоғамдық қатынастардағы орны бүгінгі күнге дейін біржақты анықталмаған күрделі мәселе болып келеді. Сол себепті, ғылымда әлеуметтік қарым-қатынастар туралы төрт түрлі пікір орын алып отыр:

- әлеуметтік қарым-қатынастар мен қоғамдық қатынастар өзара тең;
- әлеуметтік қарым-қатынастар басқа қатынас түрлерінің бір түрі;
- әлеуметтік қарым-қатынастар-әлеуметтік қауымдастықтардың арасындағы әртүрлі қатынастардың жиынтығы;
- әлеуметтік қарым-қатынастар қоғамдық қарым-қатынастардың тәуелсіз жеке түрі – олар экономикалық қарым-қатынастар мен қондырмалық қарым-қатынастардың арасындағы аралық қарым-қатынастарды құрайды.

Жалпы алғанда әлеуметтік қарымқатынастар социология ғылымының негізгі объектісі, басты зерттеу мәселесі болып есептеледі [5, 27 б.].

Әлеуметтік қарым-қатынастың әртүрлі элементтері арасында істестік, қайшылық және топтың күрес қатынастары болуы мүмкін. Адамның бүкіл рухани дүниесі, оның адамдардың қарымқатынасында ғана пайда болады. Қарым-қатынас процесінде адамның тек қана жеке басы ғана жетілмей, олардың санасының қалыптасуына гуманистік салт-сананың әсері де тиіп («жылу жинау», «асар», «енші беру», «ерулік») қатынасын қалыптастырумен қатар әдептілік-имандылық қатынастағы салт-сана «сәлем беру», «сәлем салу», «үлкеннің жолын кеспеу», «сөзді бөлмеу», әлеуметтік

нормалардың талаптарына сәйкес келіп отырған. Әлемдік озық өркениеттердің, таңдаулы елдердің қатарына аяқ басқан Қазақстанда уақыт талабы да жоғары, сондықтан халқымыздың мәдени, тарихи, әлеуметтік мұралары мен рухани құндылықтарын зерттеу күн тәртібіне қойылып отырған өзекті мәселе. Қазақстандық рухани жүйенің бүгіні мен келешегі оның кешегі дәуірінде жинақталған рухани мұраларын талдай, танып білумен, мойындаумен және қадірлеумен байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нысанбаев А. Жаһандану мен мәселелер мәдениаралық сұхбат: 2томдық – Алматы, 2004. Т 1. – 274 б.
2. Дюркгейм Э. Социология. Оның пәні, әдісі, қолдануы. М.,
3. Вебер М. Таңдаулы шығармалары мен мақалалары. М., 1990. .
4. Сорокин П. Социология жүйесі. М., 1993. – Т. Б. 57.
5. Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармалар. 2 – том. – М.,
6. Каган М.С. Қатынас әлемі.: Өзаралық қатынас мәселелері. М.,
7. Социология тарихы / Ред бас.қол.А.Н. Елеуков и др. Минск,
8. Спенсер Г. Социология негіздері. СПб.,

Боуржанқызы Бибінұр

«Тұран-Астана» университетінің магистранты

КӘСІПКЕРЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ ОБЪЕКТЫ ПРАВОВЫХ ОТНОШЕНИЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА OBJECTS OF LEGAL RELATIONS, ENTREPRENEURSHIP

Аннотация. Аталған мақалада кәсіпкерлік құқық бойынша түсінік беру және ондағы ел экономикасына қосар өзара үлесі туралы көрсетілген.

Түйінді сөздер: *кәсіпкерлік құқық, шаруақожалықтары, дара кәсіпкер*

Аннотация. В этой статье дается обзор предпринимательского права и его вклада в экономику страны.

Ключевые слова: *предпринимательство, крестьянские хозяйства, индивидуальный предприниматель*

Annotation. This article provides an overview of business law and its contribution to the country's economy.

Key words: *entrepreneurship, peasant farms, individual entrepreneur*

Кез келген азамат, тіптен кәмелетке толмаған, тіптен әрекет қабілеттілігі жоқ адам меншік құқығы субъектісі бола алады. Ұлттық құқықтық режим, заңнамада көзделген шектеулермен, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға тарайды. Бұл ортақ принцип. Бірақ, меншіктің пайда болу көзі өзінің кәсіпкерлік қызметі болған жағдайларда бірқатар қосымша талаптар туындайды. Бірінші кезекте олар азаматты кәсіпкер ретінде тіркеу қажеттігімен байланысты.

Кез келген адам кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын меншік иесі бола алады. Бұл шарт орынды, егер оның меншігі сыйға тарту нәтижесінде пайда болса. Басқа мәмілеге қатысу үшін азаматтық әрекет қабілеттілік болуы керек. Меншікті өзінің жалданбалы еңбегін сату нәтижесінде иемденген жағдайда қызметкерге қойылатын талап еңбек заңнамасында анықталады. Кейбір мәмілелер, мысалы жылжымайтын мүлікпен мәміле, тіркелуге тиіс. Бұл оның заңды болуының міндетті шарты. Басқа жағдайларда мүлік арнаулы тіркеуге алынады. Бұл автомобиль, катер, т.б. көлік құралдарын иемденгенде болады. Бұл тіркеудің азаматты кәсіпкер ретінде тіркеумен ешқандай қатысы жоқ[1, 5 б.].

Азаматты жеке дара кәсіпкер ретінде тіркеу жеке дара кәсіпкер туралы Заңда белгіленген. Тіркелуге өзі бару керек және жеке дара кәсіпкер ретінде есепке алу азаматтың тұрғылықты жеріндегі аумақтық салық органында жүзеге асырылады. Жоғарыда аталмаған жеке дара кәсіпкерлер жеке дара кәсіпкер ретінде өз қалауы бойынша тіркелуге құқылы. Сол себепті, оларда мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің болмауы кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі бола алмайды.

Жеке дара кәсіпкерліктің түрлеріне жеке кәсіпкерлік және бірлескен кәсіпкерлік жатады. Жеке кәсіпкерлікті бір азамат өзіне меншік құқығы бойынша тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған билік етуге жол беретін басқа құқық арқылы дербес жүзеге

асырады. Бірлескен кәсіпкерлікті азаматтар тобы (жеке дара кәсіпкерлер) өздеріне ортақ меншік құқығында тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және оған бірлесіп билік етуге жол беретін басқа құқық арқылы жүзеге асырады.

Өз кезегінде бірлескен кәсіпкерлік ортақ бірлескен меншік (ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі, шаруа (фермер) қожалығының ортақ меншігі, жекешеленген тұрғын жайға ортақ меншік) немесе ортақ үлестік меншік негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Мемлекет меншік құқығының ерекше субъектісі болып табылады. Бұл оның жоғарғы абстрактілігімен және формальділігімен анықталады. Көптеген әртүрлі сипаттағы функцияларды жүзеге асырудың қажеттігі және бірдей бағынышты мемлекеттік органдардың тармақталған жүйесі мемлекеттік меншік құқығын іске асыратын субъектілердің көп болуын алдын ала анықтады. Сондықтан оларды екі деңгейге бөлген дұрыс: кімді білдіреді, соның деңгейі және кім білдіреді, соның деңгейі. Қазақстан Республикасының заңнамасының заңнамасы өз атынан әрекет ететіндей құқығы бар мемлекеттік меншіктің екі субъектісін қарастырады: бүтіндей Қазақстан Республикасы және әкімшілік - аумақтық бөліністер. Яғни, азаматтық айналымда бұл субъектілер мемлекеттік меншік құқығын көтеретіндер болып саналады. Атқарылатын міндетке қарай мемлекет аталған субъектілердің біреуінің атынан меншік иесінің құқық өкілеттігін жүзеге асырады[2, 11 б.].

Қазақстан Республикасы және әкімшілік – аумақтық бөлініс заңды тұлғалар емес. Бірақ, мемлекетке және әкімшілік - аумақтық бөліністерге заңды тұлғалардың азаматтық заңдармен реттелетін қатынастарға қатысуын анықтайтын нормалар, егер заң құжаттарынан өзгеше норма туындамайтын болса, қолданылады. (АК – ның 114 — бабы). Қазақстан Республикасы және әкімшілік - аумақтық бөлініс азаматтық құқық субъектілері ретінде АК-ның және басқа азаматтық заң құжаттарының заңды тұлғалардың азаматтық айналымға қатысуын анықтайтын нормаларының шеңберінде әрекет етеді. Бұлар, бәрінен бұрын, шарт жасасу тәртібі, келтірген зиян үшін жауаптылық, меншік құқығы жайындағы АК-ның жалпы сипаттағы баптары. Бұл жалпы ережеге жатпайтындар да бар. Біріншіден, Қазақстан Республикасының және әкімшілік-аумақтық бөліністердің мәртебелерінің ерекшеліктерін және құқық өкілеттіктерінің ауқымын ескеру қажет. Мысалы, мемлекетке және әкімшілік-аумақтық бөлініске заңды тұлғаларды тіркеу туралы нормалар таралмайды. Бұл субъектілер қандайда бір есепке тіркелусіз, Конституциямен конституциялық заңдар негізінде әрекет етеді. Екіншіден, АК – ның өзіндегі бірқатар баптар Қазақстан Республикасы қатысатын құқықтық қатынастарға жатады немесе оған қандай да бір азаматтық – құқықтық міндеттемелер жүктейді (АК-ның 9-бабының 5-т, 104-бабының 6-т, 266-бабы). Үкімет бұл контексте алғы шепте тұр. Оның құқықтық мәртебесі 18.12.1995 жылғы №2688 “Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы” Конституциялық заңда белгіленген. Осы Заңның 9 – бабының 8-тармақшасына сәйкес Үкімет “мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады, оны пайдалану жөнінде шаралар қарастырып оларды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік меншік құқығының қорғалуын қамтамассыз етеді”. Яғни Үкімет мемлекеттік меншік субъектісі ретінде мемлекет атынан өкілдік ала алады. Сонымен қатар ол мемлекеттік мүлікті иемденуге, пайдалануға және оған билік етуге қатысты кез келген әрекетті жасай алады, мәмілелер жасайды, мемлекеттік мүлікті бөліп таратады және қайта бөледі.

Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқықтың қазіргі заманғы тұжырымдамасы дамыған социализм жағдайында болғандай, бүтін және біртұтас болып табылмайды. Бұрынғы КСРО-ның ыдырауы және тәуелсіз және егеменді мемлекеттердің құрылуы қоғамдық және экономикалық өмірдетүбегейлі өзгерістер тууына жеткізді, сол себепті жабық тұрпатты экономикадан нарықтық экономикаға көшу және құқықтық мемлекет орнатуға бағытталған демократиялық түрлену орын алды. Кәсіпкерлік құқық – құқықтың әртүрлі салалары нормаларын біріктіретін жан – жақты саласы. Құқықтың жан-жақты саласы – бұл, жекелеген ғалымдардың пайымдауынша, жартылай сала емес, бұл – құқықтың негізгі (белгілі бір қалыпқа келтіретін) саласынан ерекшеленетін сала, алайда құқықтық институттан және құқықтың қосымша саласынан айтарлықтай дәрежеде өзгеше. Құқықтың жан-жақты саласы, бәрінен бұрын, өзіне тән салалық әдісі жоқ, бірақ арнайы, дегенмен көрнекті заңдық режим алатын құқықтық реттеудің біртұтас тақырыбы болып табылады.

2. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқыққа қатысты оның мәні және құқықтық табиғатын түсіну үшін, негізгі үш көзқарасты бөліп айтуға болады:

- Бірінші – кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық құқықтың дербес саласы болып табылады. Дегенмен, әрине, оның жақтастыры кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық тақырыбының мазмұны мен әдістерінің айтарлықтай өзгергенін түсінеді.

- Екінші - кәсіпкерлік (шаруашылық) заңының белгілі тұтастығын тануға негізделген. Осыған байланысты Ю. Г. Басин кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық азаматтық құқықтың қосымша саласы, ал кәсіпкерлік (шаруашылық) заң заңның кешенді саласы ретінде әрекет етеді дегенді айтады.
- Үшінші – бұл жеке – құқықтық және әртүрлі салаларға жататын (азаматтық құқық, әкімшілік құқық, халықаралық құқық, қаржы құқығы және т.б.) көпшілік-құқықтық нормаларды біріктіретін құқықтың кешенді саласы дегенді мақұлдайды.

З.М.К. Сүлейменов кәсіпкерлік құқықты екіжақты түсіну керек деген пікір айтады: тар мағынасында кәсіпкерлік құқық – азаматтық құқықтың бір бөлігі; сол бір мезгілде кәсіпкерлік құқықты кең мағынасында құқықтың әртүрлі салалары (азаматтық, әкімшілік, қаржы, кеден, еңбек және басқалары) нормаларын біріктіретін жан-жақты білім деп түсінуге болады[3, 4 б.].

Батыстық құқықтануда құқық жүйесіндегі кәсіпкерлік құқықтың алатын орны туралы мәселені шешудің екі негізгі бағыты қалыптасқан.

Бірінші бағытқа сәйкес (А. Жакомэн, Г. Шранц), шаруашылық құқығы құқық саласы немесе заң саласы емес, себебі ол экономикалық қатынастарды реттейтін құқық нормаларын әзірлейтін немесе қолданатын жаңа тәсіл болып табылады.

Шаруашылық құқығының екінші бағыты оны құқықтың дербес саласы деп танудан көрінеді. Сонымен бірге бұл тұжырымның аясында ғылымдардың пікірлері бөлінді де, шаруашылық құқығын тар және кең ұғымдарында түсінуді жақтайтындар пайда болды.

Тар түсінікті жақтаушылар шаруашылық құқыққа қатынастарды экономиканың мемлекеттік реттелуі бойынша реттейтін нормаларды енгізеді (оның ішінде ұлттандыруды, баға белгілеуді реттеу, салықтық, кедендік және валюталық реттеу және т.с.с.). Демек, шаруашылық құқығы жария (көпшілік) құқық салаларына жатады. Мұндай көзқарас континенталдық құқық елдерінің бірқатар елдеріне (Германия және Нидерланды) басым болып отыр.

Шаруашылық құқығының кең түсінігі жан-жақты, яғни кәсіпкерлік құқықтың көпшілік-құқықтық және жеке-құқықтық табиғатын тануға саяды.

Сонымен, мынандай қорытынды жасауға болады: шетелдік заң әдебиетіне шаруашылық құқығын кең мағынасында түсінуді жақтайтындар оған шаруашылық қызметін іске асыру барысында пайда болатын қатынастарды реттейтін құқықтың әртүрлі салалары (азаматтық, әкімшілік, қаржы еңбек, халықаралық, қылмыстық және т.б.) нормаларды сыйғызады.

Үкімет жүйесінде Қаржы министрлігінің орны ерекше. Мемлекеттік меншік субъектісінің көптеген функцияларын :Үкімет Қаржы министрлігіне берген. Мысалы, республикалық қазынаның қаражаты ҚР Қаржы министрлігінің қарамағында болады, ол оған мемлекет атынан билік жасайды. Бұл функцияларды тікелей Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті орындайды. Ол Үкіметтің 1999 жылғы 24 мамырдағы №26 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті туралы Ережесінің негізінде әрекет етеді. Қазынашылық комитет республикалық бюджетті орындау және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттарға есептік – кассалық қызмет көрсету, мемлекеттік бюджет – қаражат пен мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар мен қаражаттың мақсатты пайдалануына қаржылық бақылау жөніндегі арнайы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Меншік иесінің құқық өкілеттігін жүзеге асыратын орталық атқару органдары жүйесіндегі маңызды орынды мемлекеттік мүлікті басқару және оны жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік орган алады, оның аты да, ведомстволық бағыныштылығы да ауық – ауық өзгеріп тұрады. Меншік иесі функциясын өзге де орталық атқарушы билік органдары орындайды. Мысалы, республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік иесі субъектісінің функциялары министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, ведомстволарға және министрліктердің кейбір департаменттеріне және Үкімет өкілеттік берген өзге органдарға жүктелген. Заңнамада көзделген реттер мен тәртіпте Қазақстан Республикасының арнайы тапсырмасымен оның атынан өзге де мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар мен азаматтар өкілдік ете алады (АК – ның 111 – бабының 2 — тармағы). Мысалы, мемлекет қатысқан акционерлік қоғамға мемлекет атынан акционер – мемлекет функциясын орындауға уәкілеттік берілген тұлға тағайындалады.

Жергілікті өкілдік және атқарушы органдар заң құжаттарында, ережелерде немесе сол органдардың мәртебесін анықтайтын өзге құжаттарда белгіленген өз құзіреті шегінде әкімшілік-аумақтық бөлініс атынан әрекет етіп мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттер иемдене алады, сотта оның мүддесін қорғай алады. Заңнамада көздегілген ретте және тәртіпте, арнаулы тапсырма бойынша жергілікті мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар (мемлекеттік еместерді қоса) мен азаматтар да әкімшілік – аумақтық бөліністің мүддесін білдіре алады. Мысалы, әкімшілік – аумақтық бөлініс қатысқан акционерлік қоғамға әкімшілік – аумақтық бөлініс атынан

акционер — әкімшілік – аумақтық бөліністің мүддесін қорғауға құқық берілген тұлға тағайындалады. Заңнама тікелей сондай құқық берген мемлекеттік органдармен заңды тұлғалар ғана әкімшілік – аумақтық бөлініс атынан азаматтық құқық қатынастарына кіре алады. Азаматтық айналымда әкімшілік – аумақтық бөлініс атынан әрекет жасай алатын билік және басқару органдарына, бірінші кезекте, маслихаттар, әкімат, атқарушы биліктің аумақтық органдары (облыстық әділет басқармасы, облыстық қаржы басқармасы, мемлекеттік мүлікті басқары жөніндегі аумақтық комитет) жатады.

Мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөлініс, ерекше субъектілер ретінде, азаматтық құқық қатынастары субъектісінің барлық құқытарына ие және құқықсубъектілікте тек күшіндегі заңдармен ғана шектеледі. Заңнамада анықталған жағдайларда, әкімшілік – аумақтық бөлініс азаматтық құқық қатынастарында мемлекет мүддесін білдіре алады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет билігі мен басқару органдары өздерінің осы органдардың мәртебесін айқындайтын заң актілерінде, ережелерде және өзге де құжаттарда белгіленген құзіреті шегінде Қазақстан Республикасының атынан өз әрекеттері арқылы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттер алып, оларды жүзеге асырады, сотта өкілдік ете алады(АК-ның 111-бабының 2-тармағы). Заңгерлер меншікті ие болу, пайдалану және заттардың, объектінің белгілі бір жиынтығын билеу тұрғысынан қарастырады. Заң түсінігі меншік құқығын объективті және субъективті мәнде қарастырады. Сонымен бірге заң актілері арқылы түрлі меншік субъектілеріне тиісті, иеболуға, пайдалануға және мүлікті билеуге байланысты адамдар арасындағы қатнастарды реттейтін құқықтық нысандар белгіленеді.[4, 16.].

Субъекті –объекті

Меншік экономикалық мағынадағы техникалық, технологиялық ғылыми және зияткерлік әлеуеттің , шығарылған материалдық және рухани игіліктердің өндірістік қатнастарын көрсетеді. Бұл қатнастар шаруашылық, табыстарды бөлу нысандарында, адамдардың экономикалық және әлеуметтік сұраныстарын қанағаттандыру дәрежесі мен сипаттарында қалыптасады. Экономикалық қатнастардың қатысушылары бір-біріннің тең ерекшеленген меншік иелерін мойындайды.

Материалдық игіліктер кімге тиісті немесе табиғат өнімдерін кім иемденуде?

Иемдену қоғамдық өндірістің мәнін білдіреді. Иеліктен айыру – сол немесе басқа экономикалық ресурсты, қоғамдық қатынастардағы субъектінің өзінің өмірлік қызметінің игіліктерін иемдену үрдісі және мүмкіндігі.

Меншік – бұл игіліктерді иеліктен айыру – иемденудің белгілі бір нысанын көрсететін, адамдар арасындағы қатнастар, қоғамдық қатнастардың барлық жүйесінің негізгі. Бөлу, айырбастау және тұтыну нысаны меншік нысанының сипатына (қоғамдық немесе жеке) байланысты.

Қоғамдағы топтар мен әртүрлі топтардың жағдайы және олардың өндірістің барлық факторларын пайдалануға қолы жетумүмкіндігі меншіккетәуелді.

Меншік – тарихи дамудың нәтижесі. Ол әлеуметтік-экономикалық жүйенің және оған тән өндіріс тәсілінің өзгеруіне орай нысанын өзгертеді. Мемлекеттік меншік құқығының объектілері. Мемлекет өз меншігіне кез келген объектіні ала алады. Мемлекеттік меншік объектілері республикалық немесе коммуналдық меншікке кіреді. Республикалық мемлекеттік меншік субъектісі Қазақстан Республикасы болып табылады. Ал, коммуналдық мемлекеттік меншік субъектісі — әкімшілік-аумақтық бөлініс. Мемлекеттік меншікті республикалық және коммуналдық деп бөлуді Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады. Тиісінше, мемлекеттік мүлікті меншіктің бір түрінен екінші түріне аудару мәселесін Үкімет немесе ол өкілеттік берген орган шешеді.

АК-ның 192-бабының 2-тармағына сәйкес қазынаға алтын-валюта қоры мен алмаз қоры кірді. 1995 жылғы 30 наурыздағы №2155 «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заң (ары қарай – Ұлттық Банк туралы Заң) бұл қорды «алтын-валюта активтері» деп атайды (10,15,41, 56, 58 және 60-баптар). Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын-валюта қоры қазақстан теңгесінің ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жасалады және пайдаланылады, ол: тазартылған алтыннан; Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі Қазақстан Ұлттық Банкі есебіндегі банкнот түріндегі шетел валюталарынан, мәнәттерден және қаражат қалдықтарынан; шет елдердің үкіметтері немесе халықаралық қаржы ұйымдары шығарған және кепілдік берген бағалы қағаздардан; өтімпаздығы және сақталуы қамтамасыз етілген, шетел валютасында ірілендірілген басқа сыртқы активтерден тұрады.

Ұлттық Банк алтын-валюта активтерінің құрылымы мен оларды орналастыру тәртібін анықтайды. Алтын-валюта активтерін Қазақстан Республикасы резиденттері мен резидент еместерінің несие (қарыз) беру және кепілдіктер беру немесе басқа міндеттемелер формасында пайдалануына, Ұлттық Банк туралы Заңда көзделген жағдайлардан басқа реттерде, жол берілмейді.

Алтын-валют активтерінің құрылымын ұлғайтуды және өзгертуді Ұлттық Банк жүргізеді (Ұлттық Банк туралы Заңның 58-бабы).

Қазақстан Республикасының коммуналдық меншігі жергілікті қазынадан және заң актілеріне сәйкес коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіп берілген мүліктен тұрады. Жергілікті бюджеттің қаражаты және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де коммуналдық мүлікжергілікті қазынаны құрайды (АҚ-ның 192-бабының 3-тармағы).

Мемлекет қатысқан мәміленің объектісі – қазына мүлкі, тек ғана мемлекет меншігінде болатын объектілер және оның мүліктік құқықтармен байланысты мүліктік емес құқықтары, сондай-ақ жекешелендіру туралы заңнамада көзделген арнаулы объектілер бола алады. Жекешелендіру кезінде мемлекет өзі немесе құқық берілген мемлекеттік орган арқылы кәсіпорынды түгелдей, акциялардың мемлекеттік пакетін немесе таратылған кәсіпорын мүлкін сатушы болады [5, 369б.].

Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігінде тауарлық ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу, ағаш отырғызу үшін берілген (берілетін) жерлер, сондай-ақ құрылыс салу үшін берілген (берілетін) немесе өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлер, олардың кешендері тұрғызылып қойған жерлер, ғимараттарға (құрылыстарға) қызмет көрсету үшін қажетті жерлер болуы мүмкін.

Мынадай жер учаскелерінің жеке меншікте болуы мүмкін емес (олар тек мемлекет меншігінде болады):

- 1) қорғанысжәнемемлекеттікқауіпсіздік, қорғанысөнеркәсібіүшінқажетті; Мемлекеттікшекаранықүзетужәнеқорғауүшінинженерлік-техникалыққұрылыстар, коммуникациялартұрғызылған; кеденорналасқан;
- 2) ерекшеқорғалатынтабиғиаумақтар;
- 3) орманжәне су қорлары;
- 4) магистралдықтеміржолтараптары мен ортақпайдаланылатын автомобиль жолдарыорналасқан;
- 5) елдімекендердегіортақпайдаланылатынаумақтар (Жеркодексінің 26-бабының 2-тармағы).

Акция өз кезегінде, оның иесіне тиісті акция сомасына сәйкес салынған капиталына белгілі бір дивидент алуға құқық береді. Акцияны иеленуші акционер деп аталады. Оның тұрақты табыс әкелетін бағалы қағаз иесінен айырмашылығы, ол акцияны сатып алу барысында қоғам капиталына қатынасады, ал өнеркәсіптік облигацияны сатып алушысы болса, онда белгілі бір тұрақты пайыз төлеуге келісім-шарт жасайтын кредитор болып табылады. Акционер АҚ-ның несие берушісі болып саналмайды және сондықтан да ол қоғамнан өз акциясынатурақты дивидент төлеуді және акция бағамы түскен жағдайда оны сатып алуды талап етуге құқысы болмайды. Акционерлердің жылдық табысының (дивиденттері) шамасы баланста көрсетілетін пайдаға тәуелді. Акционерлердің жалпы жиналысында бұл пайдалану, сондай-ақ дивидент нысанын да пайданың үлесін анықтау және төлеу сұрақтары шешіледі.

Егер акционерлік қоғам тиімді жұмыс істеп отырса, онда акционерлерлік капиталды ұлғайту үшін мүмкіндік жасалады. Бірақ акция иелері акционерлер санын ұлғайтуға ұмтылмайды, себебі әр акционердің жаңадан шығарылатын акцияларды сатып алуға құқықтары бар. Кез келген акционер өзінде бар «ескі» акциялар шамасына тең мөлшерде жаңа акциялар сатып ала алады.

Бағалы қағаздар нарығында, бірінші кезекте қор бир-жасында бір кәсіпорынның акциялары бір уақыт ішінде компанияның нақты қорларында ешқандай да өзгеріссіз қалуына қарамай-ақ әртүрлі бағаға (бағамға) ие болуы мүмкін. АҚ пайдасы келесідей түрде бөлінеді: оның бір бөлігі акционерлер арасында бөлінеді, екіншісі – акционерлік компанияның резервіне бағытталып және оның капиталын ұлғайту үшін немесе өндіріс құлдырауға не дағдарысқа ұшыраған кезде дивидент төлеугеқызмететеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 ж.өзг. тол.// Параграф ақпарат жүйесі 4б
2. Елшібаев. Р.Қ. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру. ҚазЭУ. 2009.76б
3. Романкова И.В. Проблемы правового регулирования предпринимательства граждан в Республики Казахстан / Рецензент: Басин Ю.Г. Учебное пособие.- Алматы: Университет «Туран», 1996 – 208 стр.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (жалпы бөлім) Параграф ақпарат жүйесі,184б
5. Амирханова И.В. Гражданско-правовое обеспечение развития предпринимательства в Республике Казахстан. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 369 Б.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАСЫН ӨТЕП ЖАТҚАН АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАҒДАЙЫ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ
ПОНЯТИЕ И СОДЕРЖАНИЕ ПРАВОВОГО ПОЛОЖЕНИЯ ЛИЦ, ОТБЫВАЮЩИХ
УГОЛОВНЫЕ НАКАЗАНИЯ
THE CONCEPT AND CONTENT OF THE LEGAL STATUS OF PERSONS SERVING
CRIMINAL PENALTIES**

Аннотация. Бұл мақалада жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтық жағдайы, сотталғандар мәртебесінің ерекшеліктері қарастырылады.

Түйінді сөздер: құқықтық жағдайы, бас бостандығынан айыру, түзету мекемелері.

Аннотация. В данной статье рассматривается правовое положение лиц, отбывающих наказание, особенности статуса осужденных.

Ключевые слова: правовое положение, лишение свободы, исправительные учреждения.

Annotation. This article discusses the legal status of persons serving sentences, especially the status of convicts.

Keywords: legal status, deprivation of liberty, correctional institutions.

Теория права характеризует правовое положение личности не только с позиции ее структуры (прав, обязанностей и законных интересов), но и рассматривает общий, специальный и индивидуальный статусы личности. В основу такого построения и анализа правового положения личности положено соотношение философских категорий общего, особенного и единичного. Безусловно, что в качестве общего выступает статус всех граждан, особенного-специальный статус определенной группы граждан, единичного - индивидуальный статус конкретного гражданина.

Данные правовые категории, как правило, берут в основу анализа правового положения осужденных. Это обусловлено тем, что исследуемый статус представляет собой правовое положение отдельной группы граждан, объединенных между собой фактом осуждения к уголовному наказанию. Под правовым положением гражданина понимается совокупность урегулированных нормами права прав и обязанностей личности в обществе и государстве; под правовым статусом осужденного понимается совокупность прав и обязанностей, которыми он наделен на период отбывания определенного вида уголовного наказания и на срок судимости.

Государство гарантирует охрану и защиту прав и законных интересов осужденных.

Республика Казахстан уважает и охраняет права, свободы и законные интересы осужденных, обеспечивает законность применения средств их исправления, правовую защиту и личную безопасность при исполнении наказаний.

В то же время необходимо констатировать, что при регулировании порядка и условий исполнения наказаний происходит не только конкретизация общегражданских и установление специфических прав и обязанностей, но и ограничение некоторых общегражданских прав на период отбывания наказания.

В результате права, обязанности и законные интересы осужденных, как обладателей специального статуса, отличаются тем, что являются новыми, более конкретизированными и детализированными по своему содержанию и кругу лиц, на которые они распространяются. Причем новизна названных компонентов правового статуса осужденных, дублирующих общегражданские права, обязанности и законные интересы, заключается в конкретизации, которые объединены по признаку (условиям) отбывания уголовного наказания. Таким образом, самостоятельное содержание специального статуса осужденных не позволяет нам включать его в общий статус граждан.

Статус лиц, отбывающих наказание, с учётом его специфики, занимает особое место в системе специальных статусов личности [1]. Эта специфика заключается в порицаемом государством поведении лиц, подвергнутых наказанию, - совершении ими общественно опасных деяний. Как пишет наш отечественный ученый-юрист З.С.Токубаев: «... именно наличие специфических прав, обязанностей и законных интересов придает специальному правовому статусу самостоятельность» [2]. Р.П.Мананкова считает, что роль специального статуса осужденных схожа с теми, кому

специфические права предоставляются как льготы и преимущества, поскольку он дополняет общий правовой статус. Разница, с её точки зрения, заключается в том, что в одном случае дополняется общий правовой статус в полном объеме предоставленных гражданину возможностей, в другом - сохранившаяся часть общего правового статуса [3]. С нашей же точки зрения, специфика статуса осужденных заключается не только в дополнении общего статуса личности, но и, как мы уже отмечали, в конкретизации последнего и, безусловно, в правоограничениях осужденных.

Правовое положение осужденных в казахстанском уголовно-исполнительном законодательстве формулируется исходя из общих принципов положения человека и гражданина в обществе и государстве, подлежащего защите с учетом требований международных стандартов обращения с осужденными.

В основу правового положения осужденных закладываются четыре фундаментальных положения:

- 1) права человека и гражданина, закрепленные в Конституции и других конституционных и иных законах Республики Казахстан;
- 2) права и ограничения, содержащиеся в уголовно-исполнительном законодательстве и иных нормативных правовых актах, касающихся исполнения уголовных наказаний;
- 3) права осужденных и правила обращения с осужденными, содержащиеся в международных стандартах;
- 4) содержание наказания, личностные характеристики осужденного.

Осужденные к лишению свободы отбывают наказание в исправительных учреждениях в пределах территории субъекта Республики Казахстан, в котором они проживали или были осуждены. В исключительных случаях по состоянию здоровья осужденных или для обеспечения их личной безопасности либо с их согласия, осужденные могут быть направлены для отбывания наказания в соответствующее исправительное учреждение, расположенное на территории другой области Республики Казахстан. В последнем случае речь идет, прежде всего, о направлении осужденных в учреждения уголовно-исполнительной системы (далее - УУИС) минимальной безопасности, о переводах, связанных с просьбами тех родственников осужденных, которые проживают на территории других регионов Республики Казахстан. При отсутствии по месту жительства или по месту осуждения уголовно-исполнительной системы соответствующего вида или невозможности размещения осужденных в имеющихся исправительных учреждениях, а также его перевода для дальнейшего отбывания наказания из одного учреждения в другое того же вида либо учреждение смешанной безопасности допускается по решению уполномоченного органа уголовно-исполнительной системы, в котором имеются условия для их размещения.

Указанные категории лиц не занимают в общем составе осужденных значительного места. Поэтому в отношении них (за исключением осужденных несовершеннолетних) нецелесообразно создание специализированных исправительных учреждений на территории каждой области Республики Казахстан. Поэтому, указанные выше категории осужденных направляются для отбывания наказания по месту нахождения соответствующих исправительных учреждений. Для несовершеннолетних осужденных концепция реформирования уголовно-исполнительной системы предусматривает создание исправительных учреждений на территории всех регионов Республики Казахстан. Однако, для этого потребуются средства и время [4].

В Республике Казахстан местами отбывания лишения свободы согласно ст.89 УИК РК являются: –

- 1) учреждения минимальной безопасности;
- 2) учреждения средней безопасности;
- 3) учреждения средней безопасности для содержания несовершеннолетних;
- 4) учреждения максимальной безопасности;
- 5) учреждения чрезвычайной безопасности;
- 6) учреждения полной безопасности;
- 7) учреждения смешанной безопасности - следственные изоляторы, используемые для содержания лиц, осужденных к аресту, лишению свободы либо осужденных к лишению свободы, оставленных либо направленных для выполнения работ по хозяйственному обслуживанию, либо прибывших из учреждений.

Список использованных источников:

1. Витрук Н.В. Основы теории правового положения личности в социалистическом обществе. — М.: Наука, 2016. — 229 с.

2. Токубаев З.С. Правовой статус человека и гражданина как основа правового положения осужденных к лишению свободы // Закон и время. — 2008. — № 9. — С. 58 — 61.
3. Мананкова Р.П. Правовые проблемы членства в семье. — Томск, 2013. — 128 с.
4. Балгимбекова Г.У. Гражданство Республики Казахстан как один из факторов стабильности развития независимой государственности // Вестник Карагандинского университета.- Серия Право 2013 - № 3 (71) –С.55.

УДК 343.102

Қыраубай Қарлығаш Жақыпбекқызы

*«Ұлттық және халықаралық құқық» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: k.k.@mail.ru.*

Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Карипова А.И.

КОМИССИЯ ШАРТЫНЫҢ ТҮСІНІГІ МЕН БЕЛГІЛЕРІ

ПОНЯТИЕ И ПРИЗНАКИ ДОГОВОРА КОМИССИИ

CONCEPT AND SIGNS OF THE AGREEMENT OF THE COMMISSION

Аннотация. Мақалада комиссия шартының түсінігі мен белгілері, сондай-ақ оны жасасу тәртібі қарастырылады.

Түйінді сөздер: комиссия шарты, комиссионер, комитент.

Аннотация. В статье рассматриваются понятие, признаки и порядок заключения договора комиссии.

Ключевые слова: договор комиссии, комиссионер, комитент.

Annotation. The article discusses the concept, characteristics and procedure for concluding a commission agreement.

Keywords: commission agreement, commissioner, committent.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекстің (ерекше бөлімінің) 43-тарауы «Комиссия шарты» деп аталады. Осы тараудың 865-бабында комиссия шартының анықтамасын көрсеткен. Комиссия шарты бойынша бір тарап (комиссионер) екінші тараптың (комитент) тапсыруы бойынша сыйақы үшін комитент есебінен өз атынан бір немесе бірнеше мәміле жасауға міндеттенетін шарт. Комиссия шартының жалпы сипаттамасын талдамас бұрын оған үшінші тұлғаның мүддесі үшін жасалатын шарт үлгісін қолдану маңызды мәселе болып табылады [1].

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 391-бабына сәйкес, үшінші тұлғаның пайдасына жасалатын шарт дегеніміз - тараптар несие берушіге емес, шартта көрсетілген немесе көрсетілмеген және борышқордан міндеттемені өзінің пайдасына орындауды талап етуге құқығы бар үшінші жаққа борышқор орындап беруге міндетті деп көрсеткен шартты айтамыз. Шарттар шарттан туындайтын міндеттемелердің орындалуын талап етуге құқылы адамдардың- өзінің қатысушысының пайдасына жасалады. Оған қоса, шарттың жасалуына қатыспаған, бірақ орындалуын талап етуге құқығы бар адамдардың - үшінші жақтың пайдасын көздейтін шарттар да бар. Бұндағы үшінші тұлғаның пайдасына жасалатын шарт анықтамасын талдамас бұрын үшінші тұлғаның қатынасқа түсуін қарау керек. ҚР АҚ 270-бабына сәйкес, міндеттемеге қатысушы субъектілер тараптар мен үшінші тұлға танылады. Үшінші тұлға міндеттеме тарабы болмаса да ол осы қатынастың пайда болуы мен дамуына белгілі бір әсерін тигізеді. Үшінші тұлға мен тараптарды ажыратудың басты белгісі үшінші тұлға ішкі қатынастарға жатпайды. Оған қоса үшінші тұлға тараптардың біреуімен құқықтық байланыста тұрады. Мысалы ішкі және сырқы қатынас. Бұнда мысалы комиссия шартындағы ішкі және сырқы өатынасты мысал келтіруге болады. Комитент пен комиссионер арасында ішкі қатынас, ал комиссионер мен үшінші тұлға арасындағы сырқы қатынас. Сонда үшінші тұлға үшін үш бұрышты қатынас қалыптасады: үшінші тұлға және тараптар. Егер қатынас екі бұрышты болса, онда үшінші тұлға болмайды да. Кейде үшінші тұлға мен шарт тарабының біреуінің арасында байланыс болмауы да мүмкін. Бірақ ол байланыстың болу болмауы маңызды емес, мысалы комитент пен үшінші тұлға

